Аңдатпа. Мақалада мектептің тиімділігін анықтау үшін қолдануға болатын деректерді жинау және талдау әдістері келтірілген. Автор мектеп басшысының аналитикалық қызметінің білім беру процесін жоспарлау мен жақсартудағы рөлін талқылайды, сондай-ақ өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым қызметінің нәтижелерін талдаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада тиімді басқару және салмақты шешімдер қабылдау үшін қолдануға болатын мектептің жұмысын талдау схемасы келтірілген. Мақала білім беру мекемелерінің басшылары үшін, сондай-ақ білім беру саласындағы басқару мен бақылау процесін жетілдіруге мүдделі білім беру мамандары үшін пайдалы.

Тірек сөздер: жұмысты талдау, мектеп, менеджмент, аналитикалық құзыреттілік

● SCHOOL OUTCOME ANALYSIS IS THE KEY TO EFFICIENT MANAGEMENT

Shindlyarskaya G. Sh

methodologist of the Department of Education of the city of Pavlodar, teacher-researcher

Annotation. The article presents methods of data collection and analysis that can be used to determine the effectiveness of the school. The author discusses the role of the analytical activity of the head of the school in planning and improving the educational process, and also emphasizes the importance of analyzing the results of the activities of the teaching staff over

the past academic year. In addition, the article presents a scheme for analyzing the work of the school, which can be used for more effective management and informed decision-making. The article may be useful for heads of educational institutions, as well as for specialists in the field of education who are interested in improving the process of management and control in the educational sphere.

Keywords: work analysis, school, management, analytical competence

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ: ОПЫТ И НОВАТОРСТВО



FTAMP 03.01.45

ТАРИХ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЫНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ибраева Р. С.

Шымкент қаласы білім басқармасының
Әдістемелік орталығының әдіскері, педагог-шебер

Аңдатпа.

Мақалада жеке тұлға қалыптастыруда орта білім беру ұйымдарында Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы пәнін оқытудың маңызы туралы тоқтала отырып, тарихты оқыту әдістемесінің мазмұнын саралап береді. Автор сабақ барысында оқу үшін таңдалған материалдың қол жетімділігін, оның мазмұны білім алушыға сапалы білім беруде қаншалық дәрежеде маңызды екендігін анықтау қажеттігін, сонымен қатар, жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі идеясы спиралды қағидатты ескере отырып, пәнді оқытудың ұйымдастырушылық формаларын тереңірек зерттеуді қажет ететіндігіне назар аудартады. Білім сапасын арттыруда педагог әдіс-тәсілдер арқылы сабақты білім алушылардың қызығушылығын ескере отырып, тиімді ұйымдастыру қажет деп санайды. Оқу сабақтарын ұйымдастырудың басқа түрлері – семинар, пікірталас, дәрістер, үй тапсырмаларын орындау, сыныптан тыс жұмыстар және т.б. білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, пән мұғалімі тереңірек зерделеу қажеттілігіне тоқталды.

Кілтті сөздер:

тарих пәні, оқытуды ұйымдастыру, сабақ, сапалы білім, инновация.

Кіріспе

Бүгінгі таңда өркениет қарыштап, жылдам дамуда, сол дамудың көшінен қал-

май, үнемі жаңашылдықпен алға ұмтылу қажет. Осы орайда бүгінгі білім саласына енгізіліп жатқан жаңа жүйе, жаңа білім беру жаңалықтары болашақ ұрпақты

оқыту мен тәрбиелеуде, сапалы білім беруде, алған білімін өз тәжірибесінде пайдалануға бағытталған. Білім сапасын көтеру - барлық білім беру мекемелерінің басты мақсаты.

Оқыту процесі келесі өзара байланысты компоненттерден тұрады: оқу мақсаттары, мазмұны, мұғалімнің қызметі, білім алушылардың қызметі және нәтижесі. Осы білім сапасын арттыру мақсатында сабақты зерттеу тәсілі арқылы сабақ жоспарларын бірігіп құру, зерттеу, бақылау, туындаған мәселелерді бірлікте шешу біздің білім ордамызда қалыптасқан үрдіске айналып келеді.

Сабақты зерттеу - мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.

Жалпы сабақты зерттеу тәсілін пайдаланып, тәжірибемізде байқағанымыз, алдымен бұл тәсілдің мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, жаңашылдықты зерттеудің, тәжірибе алмасудың тиімді құралы екені. Екіншіден, білім алушыларға тақырыпты нәтижелі меңгеру үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетеміз. Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану білім алушылардың сыни ойлауын, танымдық үрдістерін, қызығушылықтарын, белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жетелейді.

Негізгі бөлім

Орта білім беру ұйымдарында тарих пәні мұғалімдері пәндік оқыту әдістемесінің мазмұнына мән бере отырып, өз біліктілігін үнемі шыңдап отыру қажет. Яғни, жаңартылған бағдарламаның маңызды міндеттерінің бірі – «оқыту-үйрену», өмір бойы оқу, бұл жаңа бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына ықпал етеді. Бүгінгі таңда мектеп өзінің келбетін динамикалық түрде өзгертуде. Бұл, ең алдымен, қазақстандық білім берудегі елеулі өзгерістерге байланысты.

Білім сапасын арттыруда «білім алушы үнін» ескеру арқылы да мұғалімдер сабақтың қалай өтуі керектігі, қандай сабақтың тиімді болатындығы, нені және қалай оқыту керектігі туралы өз сабақтарына білім алушы көзімен қарап, өз сабағының жоспарын сараптау мүмкіндігіне ие болды. Бұл сабақтың берілу сапасына жағымды ықпал етіп отыруы керек. Әр сабақтың өзіндік жаңашылдығы, зерттеуді қажет ететін тұстары анықталып, мұғалімдер бірлесе проблеманы айқындап, бірлесіп жоспарлап, өзара сабаққа қатысып, сабақты талдап, сабақ жоспарын жақсарту тәсілдерін қарап ынтымақтастықта ұйымдастыру керек.

Дидактиканың жалпы принциптері бойынша оқу процесінде оқыту төмендегі қағидаттарға сай жүзеге асырылады. Оларға мыналар жатады:

- а) оқытудың ғылымилығы;
- б) тәрбиелік сипатта оқыту;
- в) оқытудың көрнекілігі;
- г) оқытудағы сана мен белсенділік;
- д) білімді игеру беріктігі;
- е) оқытудағы жүйелілік пен бірізділік;
- ж) оқытудың қолжетімділігі;
- з) ұжымдық жұмыс жағдайында жеке көзқарас.

Осы жоғарыда айтылған мәселелерге назар салатын болсақ, онда педагогика ғылымында оқыту білім беру сапасының негізгі параметрі; қазіргі заманғы ғылымды, техниканы, өндірісті, мәдениетті, өнерді игеруге мүмкіндік беретін, қоршаған әлемнің заңдылықтарын көрсететін білім көзі ретінде ғылымға сүйенуді білдіреді.

Орта білім беру ұйымдарында тарих пәндері мазмұны бойынша білім алушылардың тарихи санасын қалыптастырып, нағыз патриот тұлғаларды тәрбиелеуіміз шарт. Тәрбиелік жағдайда жаңартылған

білім беру мазмұнындағы жеті құндылық негізінде тәрбиелеуді қажет етеді. Әрине көрнекілікпен оны жүзеге асыруда пәннің оқу мақсатын аша алатындай болуы тиіс. Мәселен, сабақ барысында мұғалім мен білім алушының арасында белсенділікті игерту мен сапаны жақсартуға бағытталуы тиіс. Сондай – ақ сабақтың құрылымының жоспарлануы жүйелілікті талап етеді. Сабақты жоспарлаудың құрылымы бірізділікті жүйелі және сапалы құрылса, онда сабақтың тақырыбының ашылуы, оқу мақсатының орындалуы сөзсіз. Ал бұл өз кезегінде оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Сабақ процесінде ұжымдық және жеке көзқарастарды қалыптастыра отырып, сабақ өтілуі тиіс.

Мұғалім сабақты жоспарлағанда оқыту нәтижесі болып табылатын оқу мақсаттарына ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды кіріктіре отырып, сабақты ұйымдастыру ұсынылады. Тарих пәндерінің тәрбиелік әлеуеті өте жоғары, білім алушылар тарих сабақтарында тек ғана теориялық білім ғана алып қоймай, өз Отаны мен туған жерге деген құрметі артады, Отаны мен тарихын әрқашан мақтан тұтатын азамат болып тәрбиеленіп шығады. Осыған пән мұғалімдері тек ғана сабақ барысында ғана емес, сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруда да ықпал ету қажет деп санаймыз.

Орта білім беру ұйымдарында Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихы пәндерін оқытуды ұйымдастыруда сабақтың оқу мақсаттарының орындалуын жетік білуді талап етеді. Себебі теориялық білімді тәжірибеде ұштастыра алуға бағыттай алу, бұл мұғалімнің шеберлігі деп санаймыз. Осы жайында Қазақстан тарихы пәнін оқыту әдістемесінің негізін салушы ғалым Т.Тұрлығұлов: «Сабақты дайындауға қойылатын бір басты талап – іріктелген тарихи материалдың оқушыларға моральдық тәрбие берудегі рөлін толық түсіне білуі жастардың санасы мен жүрегіне, сезімі мен эмоциясына терең әсер ету үшін оқушылардың тарихи материалды түсіне отырып, жасаған қорытындысы – олардың ойланып-толғануының нәтижесі болуы тиіс» деп тұжырымдайды. [1]

Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы пәндерін оқытуда мұғалім әдістемелік нұсқаулыққа сүйенуге немесе әртүрлі қосымша әдеби оқулықтар мен қосымша ақпараттарды сабақ процесіне қолдануға болады. Мұнда жеке тұлғаның білімге деген көзқарасын зерттеушілік тұрғыдан ашуға мүмкіндік береді. Білім алушыны отансүйіштікке тәрбиелеуде тарихи тұлғалардың өнегелі өмірі мен еліне сіңірген ерекше еңбегін көрсететін тарихи деректердің маңызы зор. Пән мақсатының бірі тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру және дамытумен сипатталады [2].

Қазіргі жағдайда жеке тұлғаның сапалы білімін қалыптастыру үшін ең бастысы тарихи дереккөздермен немесе тарихи концептілер негізінде жұмыстарды үлестіруміз керек. Себебі, жеке тұлға тақырып аясында мағлұматты кеңінен қабылдап, оған деген өзінің көзқарасын білдіре алады. Осы орайда жеке тұлға пән бойынша ең ауқымды тақырыпты оңай игеруге немесе оған деген болжамдық жауаптарын айтуға мүмкіндік алады. Қосымша ақпараттар мен дереккөздер арқылы тапсырманы орындауда жеке тұлға қол жетімді материалдарды қабылдай отырып, ізденуге, талдауға, өзіндік пікірін қалыптастыруға, шамадан тыс материалмен жұмыс жүргізуге мүмкіндік болады. Егерде мұғалім жеке тұлғаға қосымша материалдар мен дереккөздерді үлестірмей, тақырыптың аясында оқулықпен ғана шектелетін болса, онда жеке тұлғаның танымдық қабілетін ашуға ықпалы болмайды. Ал, бұл бірінші кезекте жеке тұлғаны бір оқулық аясында ғана шектеумен теңеледі. Яғни, теориялық білімді білім алушы тұлға қоғамдық өмірде қолдана алатындай болуы тиіс. Ол үшін қоғамдық жағдаяттардан мысалдарды ала отырып қарастыру немесе мәтіндік тапсырмаларды қосу қажет.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде тарих пәндерінің мазмұнына сай төмендегідей пәндік нәтижелер игеріледі:

- ▶ адамзаттың, әртүрлі халықтар мен мемлекеттердің қазіргі қоғамды түсіну мен танудың қажетті негізі ретіндегі тарихи жолы туралы тұтас идеялары;
- ▶ тарихи дәуірлердің сабақтастығы және тарихи процестердің сабақтас-тығы туралы білім;
- ▶ ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін адамзат қоғамының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы негізгі тарихи білім;
- ▶ өткен және қазіргі заман оқиғала-ры мен құбылыстарының мәні мен мазмұнын ашу үшін тарихи білімнің тұжырымдамалық аппаратын және тарихи талдау әдістерін қолдану мүм-кіндігі;
- ▶ өткен және қазіргі заманның әлеу-меттік оқиғалары мен құбылыстарын түсіну үшін тарихи білімді қолдану мүмкіндігі;
- ▶ әртүрлі тарихи және заманауи дерек-көздердің тарихи ақпаратын іздеу, талдау, жүйелеу және бағалау, оның әлеуметтік қатыстылығы мен таным-дық құндылығын ашу мүмкіндігі; оған деген көзқарасыңызды анықтау және дәлелдеу мүмкіндігі;
- ▶ жазбаша, бейнелеу және заттай та-рихи дереккөздермен жұмыс істей білу, олардағы ақпаратты түсіну және түсіндіру;
- ▶ әлемдік және отандық тарихи мұраны, өзінің және басқа халықтардың мәде-ниетін құрметтеу; өз елі мен әлемінің тарихи және мәдени ескерткіштерін анықтау және сақтау үшін тарихи білімді қолдануға дайын болу;

Жеке тұлға ретінде білім алушыға са-палы білім беру үшін жан-жақты тақы-рып аясында түрлі әдіс-тәсілдерді қол-дана отырып, тұлғаның пәнге деген қызығушылығын арттырумыз қажет. За-манауи білім беру жүйесінде әдіснама-лық негізінде екі тәсіл айтылды: жүйелік - белсенділік және құзыреттілік. Егер біз құзыреттілік тәсілді және белсенді оқы-туды игеру тәсілін салыстыратын болсақ, онда олар бір-біріне қарсы тұрмайды.

Алайда, егер біріншісі оқу нәтижесі ретін-де білім алушылардың пәндік білімдері мен дағдыларын қалыптастыруды көзде-се, екіншісі білім мен дағдыларды прак-тикалық іс-әрекетте қолдануға баса назар аударады [3].

Құзыреттілік тәсілі негізінде білім нақты, икемді және қолжетімді болуы керек және «мен мұны білемін» декларативті ғана емес, сонымен қатар процедура-лық «мен қалай білемін», сондай-ақ құн-дылық-семантикалық сипатқа ие болуы керек. «Мен неге екенін білемін». Оқы-тудың негізгі нәтижелері ретінде жүй-елік-белсенділік тәсілі және білім беру білім алушыларға тиесілі әмбебап оқу іс-әрекеттерінің жүйесін анықтайды. Білім алушылардың әмбебап оқу іс-әре-кеттерін меңгеруі оларға жаңа білімді, іскерлікті табысты меңгеруге және қол-дануға және құзыреттілікті іске асыруға мүмкіндік береді.

Әмбебап оқу әрекеттері білім алушы-ларға оқу міндеттерінің шешімін өз бетін-ше іздестіруге, оқу мақсаттарын қоюға, оларға қол жеткізудің қажетті құралдары мен тәсілдерін іріктеуге және пайдала-нуға, өз қызметінің процесі мен нәтиже-лерін бағалауға мүмкіндік береді. Яғни, білім алушының тұлға ретінде қалып-тасуына тарихтың ықпалы зор. Ол білім алушыны үнемі өзгеріп отыратын қоғам өміріне дайындайды. Өз Отанының па-триоты мен басқа халықтардың мәде-ниеті мен тарихын құрметтейтін адам тәрбиелейді. Бұл процестегі ең маңызды фактор - қоғамдық құндылықтары талап ететін әлеуметтік қызметтерді орындауға қажетті тұлғалық қасиеттердің қалып-тасуы. Мәселен: 7 - сыныптың Қазақстан тарихы бойынша «Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты» тақы-рыбын меңгертуде топтық әдісті қолдану қажет. Ең алдымен сыныпты «Тақырып-тық түйінді сөздер» әдісі арқылы топқа бөлу ұсынылады. Топтық жұмыс жасауда зерттеуге бағыттауда «Мәтінді талдау» әдісі бойынша оқушыларға оқуға тақыры-пқа қатысты мәтін ұсынылады. Ал жұптық жұмыс жасауда «Дейін және кейін» әдісі арқылы алған білімді және оқулықтағы

мәтінді қолдану өте тиімді. Өйткені жеке тұлғалар екеуара бірігіп талқылау жұмысын жасайды.

Орта білім беру ұйымдарындағы тарих пәндері бойынша тарихи оқиғалар мен процесстер, құбылыстарды оқи отырып, білім алушылардың тарихи санасы қалыптасады, оларда тарихи ойлаудың қалыптасуына, әлеуметтік болжам жасауға, өз әрекеттеріне тарихи жауапкершілікті сезінуіне бағытталады [4].

Қорытынды

Тарихи дамытудың негізгі кезеңдерін дәйекті түрде талдай отырып, А.Про қазіргі қоғамдағы және кәсіпқойлар қауымдастығындағы тарих пен тарихшының орнын жаңа жолмен анықтайды. Тарихи уақыттың мәселері, тарихи ғылымның тұжырымдамалық аппараты туралы мәселе, ғылыми танымның кең контекстіндегі жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар әдістерің арақатынасы қарастырылады [5].

Тарихты оқытуда келесілерге ерекше көңіл бөлу ұсынылады:

- ▶ тарихты оқыту процесі білім алушының ақпараттың белгілі бір көлемін (тарихи даталар, ұғымдар, тұлғалар, оқиғалар) механикалық есте сақтауға емес, алған білімі мен білігін оқу мен тәжірибелік міндеттерді өздігінен шешумен сипатталатын тұлғалық құзыреттілігін дамытуға;
- ▶ тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін әлемдік және Отандық тарих контекстінде талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыруға;
- ▶ тарихи деректердің негізінде тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);
- ▶ қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестер-

де бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс [6].

Ал енді сабақтың құрылымының негізгі бөлімінде тақырыптың мазмұның ашатын зерттеу сұрақтарына ерекше мән беру қажет. Мұнда зерттеу сұрағының қай тарихи концепті негізінде тұлғаның ойлау дағдысын анықтап алып, соған қарай әдіс пен тапсырманы қолдану қажет. Мәселен: 6 сыныптағы Оғыз мемлекеті. Мұнда зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай? Мұнда зерттеу сұрағы ұқсастық пен айырмашылық концептісі негізінде қарастырып, талдау жасау арқылы түсіндіруді талап етеді. Сондықтанда бұл зерттеу сұрағында «SWOT-талдау» әдісі бойынша білім алушының деректермен жұмыс жасап, талдау жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету жағдайын қарастырған жөн. Осы қарастырылған мәселелерді ескере отырып, сабақтың құрылымына, әдіс-тәсілдерді тиімді қолданатын болсақ, жеке тұлғаның бойында пәнге деген танымдық, шығармашылық, зерттеу көзқарастарын, жеке тұлғаның пәндік құзіреттілігін де қалыптастыра отырып, сапалы да саналы білім беруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні дамыған елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының білім деңгейімен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі заман талабына сәйкес дамуы тиіс. Бұл талап «білім беру» емес, «білім алу» тұрғысынан орындалуы мүмкін. Осы талапты орындауда мұғалім оқушыларға сауатты, білімге құштар, бірлескен оқу ортасын құрушы тұлға болып табылады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Тұрлығұлов Т. 7-8-кластарда Қазақ ССР тарихын оқыту. – Алматы: Мектеп. 1971.- 76 б.
2. Қайыпбаева А.Т., Архыматаева А.Ж. Ыбырай Алтынсарин тағлымының тарихи білім берудегі маңыздылығы/ 12 жылдық білім беру. ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журналы. – №3/2021 ж.

3. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰҰ педагогикалық шеберлік орталығы, Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2019 жыл.
4. Глазырина Т. Н. Методика преподавания истории – Новополюцк: ПГУ, 2011. – 356 с
5. Антуан Про. Двенадцать уроков по истории. Le Seuil, 1996. Ткаченко Ю.В. - перевод, 2000. Российский государственный гуманитарный университет, 2000. С. 320
6. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 206 б.

● ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ПОЛУЧЕНИЯ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ ПО ИСТОРИИ

Ибраева Р. С.

Методист Методического центра Управления образования города Шымкент, педагог-мастер

Аннотация. В статье анализируется содержание методики преподавания истории, затрагивая значение преподавания Истории Казахстана и Всемирной истории в организациях среднего образования в формировании личности. Автор обращает внимание на то, что в ходе урока проверяется доступность выбранного для изучения материала, необходимо определить, насколько важно его содержание в качественном образовании обучающегося, а также на то, что основные идеи обновленного содержания образования требуют более глубокого изучения организационных форм изучения предмета. В повышении качества образования педагог считает необходимым эффективно организовать урок с учетом интереса обучающихся. Другие формы организации учебных занятий-семинары, дискуссии, лекции, элективные курсы, выполнение домашних заданий, внеклассные мероприятия и т.д. необходимо более глубоко изучить учителя-предметника, сопоставив их с личностными особенностями обучающихся.

Ключевые слова: предмет история, организация обучения, занятия, качественное образование, инновации.

● EFFICIENT WAYS OF DEVELOPING STUDENTS' PERSONALITY IN WHILE TEACHING HISTORY

Ibraeva R. S.

The Department of education of Shymkent
Methodologist of the methodological center, master teacher

Annotation. The article analyzes the content of the methodology of teaching history, touching on the importance of teaching the History of Kazakhstan and World History in secondary education organizations in the formation of personality. The author draws attention to the fact that during the lesson the accessibility of the material selected for study is checked, it is necessary to determine how important its content is in the quality education of the student, as well as the fact that the main ideas of the updated content of education require a deeper study of the organizational forms of studying the subject. In improving the quality of education, the teacher considers it necessary to effectively organize a lesson taking into account the interest of students. Other forms of organizing training sessions are seminars, discussions, lectures, elective courses, homework, extracurricular activities, etc. it is necessary to study the subject teacher more deeply, comparing them with the personal characteristics of students.

Keywords: subject of history, organization of learning, lesson, quality education, innovation.

FTAMP 14.25.07

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЭКСПЕРИМЕНТ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Иса А. Е.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университетінің «7М01504- Химия педагогін даярлау»
мамандығының 2-курс магистранты

Керимбаева К. З.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университетінің доценті, химия ғылымдарының кандидаты

Иса Ж. Е.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
университетінің «7М01504- Химия педагогін даярлау»
мамандығының 2-курс магистранты

Аңдатпа.

Бұл мақалада химия сабағында эксперимент есептер шығару барысында оқушылардың білігі мен дағдысын дамыту қарастырылған. Оқушылар экспериментті есептерді шығару арқылы алған теориялық білімдерін тиянақтап, оны практикада қолдануды үйренді, химиялық аспаптармен және реагенттермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдірді. Эксперименттік есептерді шығаруға дағдыланған оқушылар өз бетімен жұмыс істеуге, өз жұмысына зейінді, сыни көзқараспен қарауға үйренді. Білімалушылар мәселенің жағдайын талдап, шешу жоспарын жасайды, соған сәйкес тәжірибелік жұмыс жасалынады. Оқушылардың эксперимент есептер шығару барысында ойлау қабілеттері арты. Сонымен қатар химия сабағына деген қызығушылықтары артып, ұжыммен жұмыс жасауға және шешім қабылдауға дағдыланды. Оқушылардың химиялық экспериментке деген қызығушылығын, байқағыштығын, қызығушылығын қалыптасып, бастаманы дамытып, білімді нақты жетілдіріп және қолдану құралы ретінде өз бетінше ізденуге мүмкіндік берді.

Кілтті сөздер:

эксперимент, сапалық есеп, сандық есеп, білік, дағды.

Кіріспе

Қазіргі жалпы білім беретін мекемелерде оқушыларға адамгершілікті, ізетілікті, шыдамдылықты, отансүйгіш, жан-жақтылықты қалыптастыру негізгі мәселелердің бірі. Қазіргі орта мектеп-

терде болып жатқан кейбір құбылыстар (мысалы, ізгілендіру) химия және басқа да жаратылыстану ғылымдарымен байланысты деп есептейміз. Қоғамның химия ғылымына деген ойларын өзгертіп, қызығушылықтарын арттырып, оның адамзат қоғамының басты химия ғылы-

мының жетістіктерін қарқынды насихаттау және химиялық білім беру сапасын арттыру арқылы қол жеткізуге болады. Химия мұғалімдері химия білімінің жер бетіндегі барлық адамдардың әл-ауқатын жақсартуда орасан зор рөл атқаратынын және қазіргі қоғамның бұдан да үлкен прогреске ықпал ететінін көрсетуі керек. Оқытуда химия пәнін елемей пәнге үстірт қарауға, оқушылар химияға маманданғысы келмейтіндігіне әкеледі. Халықтың химиялық сауатсыздығы: күнделікті өмірде қолданылатын химиялық заттардың қасиеттерін білмеу, химиялық процестерді басқара алмау, дәрілік заттарды ұтымды қолданбау адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Өмірге қауіп төндіретін мәселе. Химиктер қуатты ғылыми және білім беру әдісі болып табылатын химиялық эксперименттерді зерттейді [1].

Эксперименттік химиялық есеп – бұл проблемалық жағдайдың моделі, оны шешу есептеу мәселесінен айырмашылығы оқушылардан тек ойлауды ғана емес, сонымен қатар химиялық ойлауды нығайтуға, кеңейтуге және дамытуға бағытталған химияның заңдары мен теориялары, әдістерін білуге негізделген практикалық әрекеттерді талап етеді.

Эксперименттік есепті шешу оқушылардың химиялық эксперименттің тиісті дағдыларын меңгеруін қамтиды. Осындай міндеттерді шешу барысында оқушы химия бойынша білімдерін кеңейтуді және тереңдетуді жалғастырады, сондай-ақ оқушыларды өз білімдерін практикада қолдануға үйрете отырып, химиялық эксперименттер жүргізуде арнайы дағдыларды жетілдіреді, содан кейін практикалық әрекеттер болып табылады. Мұндай әрекеттер тізбегін демонстрациялық эксперимент негізінде жасаған жөн. Осы мақсатта сіз заттың белгілі бір қосылыстар класына жататындығын дәлелдеуге, затты анықтауға, көзден белгілі бір затты алуға және т. б. тапсырмаларды пайдаланасыз.

Эксперименттік тапсырмалардың ерекше рөлі – олар оқушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастырады, олар-

ды дәлдікке үйретеді және зейін мен байқауды жақсартады.

Эксперименттік тапсырмалар оқушылардың ойлауын дамытудың күшті құралы болып табылады, олар абстрактілі формулалардың артында белгілі бір қасиеттері бар нақты заттар тұрғанына, бұл қасиеттерді білуге, зерттеуге және іс жүзінде қолдануға болатынына көз жеткізеді. Эксперимент жасамас бұрын оқушылар алдымен жұмыс барысын сипаттап, мәселені шешуге қажетті химиялық реактивтердің, ыдыс-аяқтар мен жабдықтардың тізімін ойластыруы керек. Тәжірибе барысын бақылай отырып, оқушылар көргендерін талдайды, үкім шығаруды үйренеді [2].

Химиялық есептерді шешу жалпы білім беру жүйесінің практикалық әдістері тобына жатады. Есептеулер оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың химия ұғымдарын, заңдарын және есептеу теорияларын тұжырымдай алады, сонымен қатар химия тілімен лингвистикалық мәдениетін байытады және тиімділік пен қызығушылықты дамытады.

Химия сабағынан есептер шығару арқылы:

- ▶ жаңа практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- ▶ химия ұғымдары мен ақпараттық білім беруді қалыптастыру;
- ▶ өз білімнің тереңдігі мен анықтығын тексеру.
- ▶ жалпылау және қайталау;
- ▶ оқушылардың әртүрлі деңгейдегі шығармашылық қабілеттерін дамытуды қарастыру [3].

Негізгі бөлім

Есептерді шығару химияны оқытудың басты көзі болып саналады. Есеп шығару барысында түсіну, талқылау, ой тұжырымын жасау және дәлелдеуге тура келеді. Салыстыру, талдау, жинақтау, жалпыдан

жекеге, жекеден жалпыға ауысып ойлау арқылы оқушылардың ақыл-ойы дамиды, интеллектуалды біліктері мен дағдылары қалыптасады [4].

Оқу процесіне химиялық есептерді енгізу арқылы дидактикалық оқытудың келесі принциптері жүзеге асырылады :

1. Оқушылардың белсенділігін, өздік жұмысын қамтамасыз ету.
2. Білім мен дағдының жинақталуын қамтамасыз етеді.
3. Теориялық білімін практикамен ұштастырады.
4. Кәсіптік бағдар беруді және поли-техникалық білім беруді қамтамасыз етеді[5].

Химиядан есептер сандық және сапалық болып екіге бөлінеді. Сапалық есептерді зертханалық есептер деп те атайды, өйткені олар сандық ақпаратсыз химиялық тәжірибелер жасау арқылы жасалады. Экспериментті есептер химияны оқыту үдерісіне отызыншы жылдары енді. Экспериментті есептерді шығару арқылы оқушылардың алған теориялық білімдерін тиянақтап, оны практикада қолдануды үйренеді, химиялық аспаптармен және реагенттермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Эксперименттік есептерді шығаруға дағдыланған білімалушылар өз бетімен жұмыс істеуге, өз жұмысына зейінді, сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Химия пәні оқушылардың тапсырмаларды дайындауында көрінеді. Оқушылардың эксперименттік есептерді шешуде орындайтын негізгі міндеттері: көрнекі бейнелеу, зертханалық практика, сараланған әдістерді қалыптастыру [3].

Оқушылардың ойлау жүйесі мен та-нымын дамыту үшін химиялық экспе-рименттің бірі эксперименттік есепті сабақта жиі шығартып отыру керек. Экс-приментті есептер химия оқыту үдерісін-де меңгеру арқылы оқушылардың экспе-риментті білік пен дағдыны қалыптасады.

Экспериментті есептер шығарған кезде оқушылар есепті шешу тәсілдері мен тал-дау жолына мән беру керек. Сонымен қатар бұл екі жолы құбылыстың мәнін ашуға қабілетті болу керек. Кейде тәжіри-беде көрсеткендей, оқушы құбылыстың мәнін түсінбестен механикалық түрде қа-былдайды. Салыстыру, талдау, жинақтау, жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға ауы-сып ойлау арқылы оқушылардың ақыл-ойы дамиды, зияткерлік біліктері мен дағдылары қалыптасады. Білімді қолда-нуға үйретудің барлық әдістерінің ішін-де эксперимент есептері айрықша орын алады. Эксперименттік және басқа есеп-терді іріктегенде әр есептің оқу мақсатын анықтаған жөн: бұл есепті шығарғанда қандай білім жетілдіріледі, қандай зи-яткерлік шеберліктер және техникалық дағдылар тәрбиеленеді. Химия пәнін оқытудың негізгі білімдік мақсаты оқушы-ларды бағдарламада көрсетілген заттар-дың құрамы, қасиеттері және құрылысы жөніндегі біліммен қаруландыру болған-дықтан эксперимент есептерінде оқушы-ларды осы білімді алуға бағыттауы керек. Демек эксперимент есептерінің ішінде заттарға сапалық анализ жасайтында-ры болуы керек. Мұндай есептер мектеп практикасында кең таралған. Экспе-рименттік есептерді шешетін оқушыға қойылатын талаптың бірі, практикалық әрекеттерден бұрын эксперимент есебі теориялық тұрғыдан шешілуі керек.

Экспериментті есептерді шығарудың шарттарының бірі – мұғалімнің қадағалауымен кабинетте жүргізілуі қажет. Экспериментті есептерді шығарғанда тәжірибелер рет-ретімен жүргізіледі. Олар

1. Берілген экспериментті есепті толық оқып шығып, экспериментті жүргізу жоспарын құру.
2. Химия лабораториясындағы қауіпсіздігін ережелері мен химиялық құралдармен жұмыс жасауына назар аудару керек.
3. Экспериментті жүргізу жолын ой еле-гінен өткізу керек.

4. Проблемаларды шешу мен іс-әрекет әдістерін қолдану.

Экспериментті есептерді шығарудың жоспарын құрып, оны негізгі жолдарын табу тиімді болар еді. Эксперименттік есептерді шығаруға оқушылардың қызығушылықтарын аударуымыз керек [6].

Эксперименттік есепті шығаруда оқушыларға қойылатын талаптардың бірі – тәжірибелік есеп нақты әрекетке дейін теориялық тұрғыдан шешілуі керек.

Жалпы нұсқаулық ретінде эксперименттік есепті дайындағандар мыналарды ұсынамыз:

- ▶ негізгі мәселелерді түсіндіру және есептік жазбаңыздың қандай білім түрін пайдалану керектігін анықтау үшін тіркелгіңіздің күйін талдаңыз;
- ▶ есеп шешуге тиісті білімді жұмылдыру;
- ▶ берілген сұрақты бірнеше сұрақтарға және негізгі сұрақтарға жауап алатын шешімге бөліңіз;
- ▶ мәселені шешуге жоспар құрыңыз;
- ▶ негізгі әрекеттерді рет -ретімен орындау;
- ▶ шығарылымның анықтығын тексеріп, есеп жасаңыз.

Көбінесе эксперименттік есептерді шығару зерттеуді қайта қарау кезінде орындалады. Қайталап оқу:

- 1) сабақ аяқталғанда;
- 2) сабақ басталғанда;
- 3) жаңа тақырыптар өткеннен кейін қолданылады [7].

Эксперимент есептері оқушылардың таным әрекетінің сипатына қарай бірнеше типтерге бөлінеді. Солардың мектепте іс жүзінде қолданылатындары:

1. Тәжірибе жүргізгенде болып жатқан құбылыстарды бақылау және оны сипаттау;

2. Тәжірибе барысында бір заттан екінші затты алу;

3. Химиялық заттарды ажырату қабілеті;

4. Тәжірибе барысында көрсетілген заттардан қоспаны анықтау және сол затты қоспадан тәжірибе жүзінде тазарту;

5. Заттардың қасиеттері мен құрамын оларға тән химиялық реакцияларын жүргізу арқылы анықтау;

6. Объектілер мен құбылыстарды типтермен және жеке кластармен байланыстыру мүмкіндігі;

7. Көрсетілген мөлшерде ерітінділерді дайындау;

8. Сынақ тәжірибелік-сан есептері;

9. Химиялық құрылғылар арқылы шығарылатын сапалық есептер [8].

Тәжірибелерді шешу үшін сынау және қателесу әдістері, есте сақтау арқылы дәлелдеу, болжау, талдау және синтетикалық әдістер қолданылады.

Сынақ және қате әдісі оқушының білімі жеткіліксіз болған жағдайда қолданылады. Ол қажетті нәтижеге жеткенше тәжірибені қайталайды.

Есепте берілген ақпарат оқушының бұрыннан білетіні мен есте қалғанына негізделеді.

Берілген ақпарат толық болмаса, оқушы алдымен болжам жасайды. Содан кейін бұл дұрыс па, жоқ па, тәжірибе жасау арқылы тексереміз. Анализ және синтез экспериментті есептерді жазудың ең тиімді және кең таралған әдістері болып табылады. Оқушылар мәселенің жағдайын талдап, шешу жоспарын жасайды, соған сәйкес тәжірибелік жұмыс жасалынады.

Сабақ «Заттың сапалық құрамын анықтау» тақырыбында өткізілді. Сабаққа 21 оқушы қатысты. Оқушылармен мен практикалық (лабораториялық) сабақ түрінде өткізілді.

Химия бойынша білім беру экспериментінің шарттары. Күрделі және берік білім және оны алудың практикалық тәжірибелік әдістері және сізге дағдылар қажет. Заттардың сапалық құрамын тануға арналған экспериментті есептерді шығарту үшін нөмірленген сынауыққа заттардың ертіндіні құяды. Ол үшін екі - үш зат алып, сынауықтағы нөмірлерді ауыстыра отырып есептің бірнеше нұсқаларын дайындап, оқушыларды 3 топқа бөліп, бүкіл оқушылар қамтамасыз етуге болады (1-кесте). Мысалы ретінде: «натрий бромиді, натрий хлориді және натрий иодидінің қай нөмірлі пробиркада

орналасқанын бір реагенттің көмегімен анықтаңдар». Бұл есепті барлық оқушылар шығарады. Заттарды тану үшін тек үш зат қана ұсынылған, бірақ заттары бар пробиркалардың нөмірлерін ауыстыра отырып, есептің үш вариантын құрып 3 топқа беріледі.

Заттың сапалық құрамын анықтау:

Есеп: Заттар салынып нөмірленген сынауықтарда қайсысында натрий хлориді, натрий иодиді, натрий бромиді ерітінділерінің бар екендігін анықтаңдар.

1-кесте – Варианттары әртүрлі есептердің шарттары

Вариант	Топтарға берілген сынауық нөмірлері		
	1-топ . №1	2-топ. №2	3-топ. №3
I	NaCl	NaBr	NaI
II	NaI	NaCl	NaBr
III	NaBr	NaI	NaCl
IV			

Оқушылар бұл есепті мына ретпен шығара алды:

1. Берілген заттардың химиялық формуласын жазды;
2. Заттар тұздар класы, аниондары бірдей екенін анықтады;

3. Қосылыстарға тән реактивтерді анықтады;

4. Тұздар мен реактивтердің арасында жүруі мүмкін реакцияларды кестеге жазды:


2-кесте – Берілген есептің жауабы

Берілген заттар	Реактивтері		
	AgNO ₃	хлор суы	бром суы
NaCl	ақ тұнба	—	қызыл қоңыр
NaBr	сары тұнба	сарғыш түс	түс
NaI	сары тұнба	қызыл қоңыр	

Кестеге қарап анализдің ретін анықтау. Оқушылар реакцияны бірінші күміс ни-


тратымен жүргізді, үш пробиркада не бар екені нақтылы анықталмады.

Екінші реакция бром суымен жүргізген тиімді, иодиді бар пробиркада иодтың қызыл қоңыр түсі білінді, оны крахмал арқылы анықтады.



Үшінші реакция хлор суымен жасалады. Қалған екі пробиркада бромидтің бар


екені ерітінді түсінің өзгеруінен байқалады:



Ажыратып, тану есептерін шығарғанда салыстыру, анализ және синтез, индукция және дедукция, ойлау дағдысын қалыптасты, оқушылардың ойлауын білігі дамуына көмектесті [9].

3-кесте – Оқушылардың экспериментті есептер бойынша жалпы білім деңгейгері

Білім деңгейі	Топтар		
	1-топ. 7 – оқушы	2-топ 7- оқушы	3-топ 7 - оқушы
Өте жақсы	4	4	3
Жақсы	2	3	3
Нашар	1	-	1
Оқушылар саны	21		



1 - диаграмма – Оқушылардың эксперимент есептер шығару бойынша білім деңгейлері.

Бұл экспериментті есептер оқушылар бір-бірінің нәтижелерін көшіруге мүмкіндік бермеді, реагенттер аз пайдаланды, уақыт тиімдірек пайдаланып және нәтижелерді тексеру кезінде мұғалім тиімдірек болды.

Экспериментті есеп шығаруға 21 оқушы қатысып. Оларды 3 топқа бөлу арқылы оқушылар есеп шығаруға ынталанды. Оның 11 оқушы өте жақсы, 7 оқушы

жақсы, 2 оқушы нашар нәтижеге қол жеткізді. Оқушылардың эксперимент есептер шығару барысында ойлау қабілеттері арты. Сонымен қатар химия сабағына деген қызығушылықтары артып, ұжыммен жұмыс жасауға және шешім қабылдауға дағдыланды.

Оқушылардың химиялық экспериментке деген қызығушылығын, байқағыштығын,

қызығушылығын қалыптасып, бастаманы дамытып, білімді нақты жетілдіріп және қолдану құралы ретінде өз бетінше ізденуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл тәжірибелердің оқушыларға қаншалықты көрнекі екенін ескердік. Оқушылардың эксперимент есепті жүргізуінің міндетті шарты-олар қауіпсіздіктің барлық талаптарын білді және сақтады.

Қорытынды

Эксперименттік есептерді және оқушылардың демонстрациялық экспериментті жүйелі қолдану эксперименттік дағдыларды қалыптастырудың тиімді әдісі ғана емес, онсыз химияны зерттеу мүмкін емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық, шоғырлану, сенімділік, жауапкершілік сияқты жеке қасиеттердің қалыптасуына ықпал ете отырып, білім беру функциясын күшейті. Сонымен қатар, эксперимент жүргізу оқушыларға күшті эмоционалды әсер етеді, олардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын оятты.

Қолданылған деректер тізімі

1. Хасбулатова З.С., Алихаджиева Б.С. Роль химического эксперимента в обучении химии //

Международный журнал экспериментального образования, 2016. – № 6-2. – С. 259-260

2. Усеинова Ф. Т. Решение экспериментальных задач на уроках химии, Муниципальное бюджетное общеобразовательное учреждение Фрунзенская средняя школа, 2016. - с 24-26
3. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. 2014. - Алматы, 2014. - 61-62 б.
4. Құрманәлиев, М.К. Химияны оқыту теориясы мен әдістемесі: оқу құралы / М. К. Құрманәлиев, Н. О. Мырзахметова. – Алматы : Альманах, 2019. – 106-111 б.
5. Көгісов С.М. Химиялық есептерді шығарудың жалпы әдістемелік талаптары «Химия ғылымы мен химиялық білім берудің заманауи аспектілері: теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы.-2021. -447б
6. Қуанышева Ж.Қ. Мектепте химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы, 2015. Алматы: ҚазМемҚызПУ.-74-84б.
7. Болеубаева С.А. Физика есептерінің маңызы мен классификациясы // <https://for-teacher.ru/edu/fizika/doc-qujn33k.html>
8. Мырзахметова Н.О. Химиядан есептер шығару әдістемесі. Оқулық, – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013. – 6-7 б.
9. Биғазиева Р. Галогендермен танысу. Химия мектеп, 2017. -36-38 б.

● РАЗВИТИЕ УМЕНИЙ И НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ РЕШЕНИЯ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ЗАДАЧ НА УРОКАХ ХИМИИ

Иса А.Е.,
магистрант 2 курса Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
«7М01504-Подготовка учителей химии»

Керимбаева К.З.,
доцент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, кандидат химических наук

Иса Ж. Е.,
магистрант 2 курса Южно-Казахстанского государственного педагогического университета
«7М01504-Подготовка учителей химии»

Аннотация. В данной статье рассматривается развитие умений и навыков учащихся в процессе решения экспериментальных задач на уроке химии. Закрепление теоретических знаний, полученных путем решения экспериментальных задач, применение их на практике, совершенствование навыков работы с химическими приборами и реагентами. Учащиеся, привыкшие решать экспериментальные задачи, научились работать самостоятельно, внимательно, критически относиться к своей работе. Обучающиеся анализируют ситуацию и составляют план решения проблемы, в соответствии с которым проводится практическая работа.

Рассмотрены навыки мышления учащихся при решении экспериментальных задач.

Формирование у учащихся интереса, к химическому эксперименту, развитие инициативы, совершенствование знаний и возможность самостоятельного поиска как средства их применения.

Ключевые слова: Эксперимент, качественный отчет, количественный отчет, умения, навыки.

● DEVELOPMENT OF STUDENTS' SKILLS AND ABILITIES IN THE PROCESS OF SOLVING EXPERIMENTAL PROBLEMS IN CHEMISTRY LESSONS

Issa A. E.,

2 nd year undergraduate of the South Kazakhstan State Pedagogical University
«7M01504-Training of Chemistry Teachers»

Kerimbayeva K.Z.,

Associate Professor South Kazakhstan State Pedagogical University, Candidate of
Chemical Sciences

Issa Z. E.,

2 nd year undergraduate of the South Kazakhstan State Pedagogical University
«7M01504-Training of Chemistry Teachers»

Annotation. This article discusses the development of students' skills and abilities in the process of solving experimental problems in a chemistry lesson. The students consolidated the theoretical knowledge gained by solving experimental problems, learned how to apply them in practice, improved their skills of working with chemical devices and reagents. Students who are used to solving experimental problems have learned to work independently, to be attentive and critical of their work. Students analyze the situation and make a plan for solving the problem, according to which practical work is carried out.

Students' thinking skills in solving experimental problems. In addition, interest in chemistry lessons has grown, he is used to working with a team and making decisions.

The formation of students' interest, observation, interest in chemical experiments, the development of initiative, the real improvement of knowledge and the possibility of independent search as a means of their application.

Keywords: Experiment, qualitative report, quantitative report, skills, skills.

FTAMP 14.25.09

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ІС-ТӘЖІРИБЕДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ. Ж. Кенжәлиев

Атырау облысы Индер ауданының Ш. Уалиханов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі Қазақстандық білім беру кеңістігінде өзекті мәселе болып отырған оқушылардың функционалды сауаттылығын оның ішінде оқу сауаттылығын арттыруда қолданылатын қашықтықтан оқыту технологиялары туралы кеңінен баяндалған. Мұғалім өз оқу бағдарламасын ұсына отырып, оқу бағдарламасының ішіне дидактикалық материалдар, оқу тесттері, арнайы платформаларды тиімді пайдалану секілді жұмыстары ұсынылған. Өз тәжірибесінде қашықтықтан оқыту технологияларымен құрылған, табысты және тиімді қолданып жүрген құзырлы тапсырмалардың үлгісімен бөліседі.

Кілтті сөздер: PISA, функционалды сауаттылық, қашықтықтан оқыту, оқу сауаттылығы цифрландыру.

Кіріспе

Білім алу нәтижелеріне қол жеткізуде технологиялардың алатын орны зор, оқыту мәселесіне келгенде бұл басымдықты түсіндіріп жатудың өзі артық. Бұл жердегі мәселе – білім алуға тән негізгі процестердің тиімді жүзеге асуына технологиялардың қалай жол ашатынын анықтап көрсету.

Қоғам өмірінің барлық салаларында ең алдымен, білім беру саласын жаһандық ақпараттандыру жағдайында тәуелсіз танымдық белсенділікті арттыру мәселесі өзекті болып табылады. Қоғамда қазіргі заманға сай, әлемдік ақпараттық технологияларды пайдалана алмаған жағдайда қоғамға бағдарлануда қиын жағдай қалыптасады.

Қазіргі заманғы мектептің алдына қойылған мақсаттардың оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру болып табылады, өйткені, қазіргі мектеп оқушылары кітапты өте аз оқиды. Ресми деректер мектеп жасындағы балалардың 40% әдеби мәтінді дұрыс түсіне алмайтынын айтады. Оқушының функционалды сауаттылық дағдысын дұрыс қалыптастырсақ, оқушы мәтіннен ақпарат алуда жазу мен оқу дағдысын жеңіл қолданады, оны түсінеді, өзгертеді. Бұндай оқушы түрлі оқу әдістерімен таныс болады (танымдық, түртіп алу, түйіндеу). Мәтінді оқып, түсіну барысында бір әдістен екінші әдіске тез және оңай көше алады. «Функционалды сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді.

Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

- 1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.
- 2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.
- 3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәлім іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады.

Егер оқушылардың функционалдық сауаттылығын оның ішінде оқу құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша мақсатты түрде жұмыс жасаса, жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдана, онда осы арқылы білім сапасын арттыруға және тереңдетуге, оқушылардың сөйлеуін дамытуға, оқу техникасын жетілдіруге, жоғары нәтижеге жетуге деген ұмтылысты қалыптастыруға, жеке тұлғаның қабілеттері мен табиғи бейімділіктерін ашуға ықпал етеді деп ойлаймын.

Мақсаты:

Оқу қызығушылығын, оқу мәдениетін қалыптастыру және нәтижесінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған балалар оқуын қолдау бағдарламасын жасақтау.

Міндеттері:

1. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен оқу сауаттылығын дамытудың қашықтықтан оқытуда заманауи тәсілдерін зерттеу.
2. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, олардың оқу қызығушылығын дамытуға бағытталған қашықтықтан оқытудың тиімді нысандарын, әдістері мен тәсілдерін таңдау.
3. Оқушылардың оқуын қолдау және дамыту бағдарламасын жасаңыз.
4. Әзірленген бағдарламаны іске асыру бойынша іс-қимыл жоспарын белгілеу.

Күтілетін нәтиже:

1. Қашықтықтан оқыту технологиясын кеңінен пайдалана отырып оқушылардың қазақ әдебиеті пәніне қызығушылығын арттыру;
2. Бүгінгі таңдағы ақпарат ғасырындағы өмірге бейімделген жан-жақты білімді жеке тұлға қалыптастыру.

Негізгі бөлім

Мәтінмен жұмыс адамды өмір бойы қоршап тұрады: мектепке дейінгі жаста ертегілерді алғашқы оқу, оқу орындарында мәтіндермен жұмыс, газет пен ғаламтордағы мақалалар, sms-хабарламалар, ресми құжаттар және т.б.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы келесідей мағынада сипатталды [1].

Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік – қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5-7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернеттік коммуникацияның көптеген түрі қазіргі кезде еркін және үйреншікті түрде қолданысқа еніп кетті:



электрондық пошта;



чат



форум



онлайн тест жүйесі



веб-конференция т.б.

Ғаламтордан тікелей алынатын мәліметтер немесе ғаламтордағы ресурстар – қазақ тілін түрлі бағытта, түрлі салаға үйрету үшін мол әрі құнды мәліметтер бере алады, соның негізінде заманға сай оқу материалдарын жүйелеуге бастау көзі ретінде сенімді тірек болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда іске асыру 3 кезеңнен тұрады.

► Бірінші:

Дайындық. Қашықтықтан оқытуды іске асыру шарттарын бағалау. Бағалау критерийлерін әзірлеу. Сауалнама жүргізу.

► Екінші:

Қалыптастырушы. Оқытуды іске асыру.

Кезеңнің міндеттері:

1. Қатысушы сыныптарды анықтау;
2. Қашықтықтан оқытуды енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

► Үшінші:

Жалпылама. Оқу сауаттылығын іске асыру нәтижелерін сапалық және сандық талдау.

Кезеңнің міндеттері:

1. Алынған нәтижелерді диагностикалау, талдау және жалпылау.

2. Функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар жинағын әзірлеу

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын оның ішінде оқу сауаттылығын қалыптастыру бойынша жұмыстың мазмұны мен нысандары.

Оқу сауаттылығын қалыптастыруда бастапқы кезең маңызды рөл атқарады. Яғни, мектеп жасында әдебиетке баулу, кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру қажет. Дәл осы жаста оқырманның кітапқа деген көзқарасы белсенді немесе енжар бола ма деген сұрақ шешіледі, негізгі оқу дағдылары қалыптасады.

Балалар оқуын дамытудың басты мақсаты – ойлы оқырманды тәрбиелеу, оқырман талғамын дамыту, мәтінді көре білу және оны түсіне білу.

Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жүйесіне мыналар кіреді:

- әдебиеттік оқу сабақтары;
- сыныптан тыс сабақ;
- кітапханамен бірлескен жұмыс;
- қосымша білім беру;
- ата-аналармен бірлескен жұмыс.

Мұғалім жұмысының бір бағыты – оқушылардың оқу қызығушылығы мен оқу сауаттылығын дамытуға жағдай жасау, атап айтқанда:

- оқу және сыныптан тыс іс-әрекеттің әр түрлі формаларын қолдану арқылы оқу қажеттілігін дамыту (тәуелсіз, бастамашыл);
- әдеби ойындар, шығармашылық байқаулар арқылы оқырман сауаттылығын дамыту;
- әр түрлі ақпарат дайындау (мәтін, кесте, сызбалар) қажет;
- балалардың шығармашылығын ынталандыру.

Функционалдық сауаттылықты оның ішінде оқу сауаттылығын қашықтықтан іске асыруда төмендегідей құрылымға сәйкес келеді [2].

Әрине, білім мен ғылым заман талабына ілеспей, еліміздің өркениетті елдермен тең терезелес болуы мүмкін емес.

Қазіргі кезде қашықтықтан оқыту білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде және корпоративтік оқыту саласында қолданылады. Әсіресе, қашықтықтан оқыту технологиясын мектептерде өте өзекті мәселе болып отыр. Қашықтықтан оқуды жеке оқушыларға немесе шағын топтарда қолдану ұсынылады. Бұл ретте сыныптағы (топтардағы) білім алушылардың саны оқу пәніне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Педагогтің рөлі оқушылардың жеке немесе ұжымдық жұмыстарын ұйымдастыру, оқыту барысында проблемаларды анықтау және тез арада шешу, оқушылардың жұмыстарына рецензия беру болып табылады. Оқытудың барлық мазмұндық бөлігі электронды қашықтықтан оқыту жүйесіндегі курстарда өтіледі.

Осы тұста шағын топ құрау мақсатында оқушыларға ҚО ұйымдастыруға арналған сауалнамалар жүргізілді. Бұл бағалау өлшемдері Ақпараттық жүйелер бойынша біріккен комитетінің (JISC) тиімді практикалық семинарларына арналып жасқалған [3].

Аталған сауалнамаға өзім сабақ беретін 7-сынып оқушылары және жоғары сыныптан үш оқушыны алған болатынын олар орыс сыныптарынан Горшкова Кристина, Максимова Анель, Черная Вера қатынасып, осы оқушылары таңдалып алынған болатын. 7 сыныппен жұмыс алғаш 5-сыныптан бастап оқу сауаттылығы бойынша жұмыстар кеңінен жүзеге асып келе жатыр. Соның бір көрінісі мектебімізде Lesson Study жұмысының осы сыныптан бастау алуы. Сол кезден-ақ оқушылардың функционалдық сауаттылығын оның ішінде оқу сауаттылығын арттыру басты назарымда тұрды.

Қашықтықтан оқыту технологиясын кеңінен қолдану оқушының оқуға деген мотивациясын арттырады және пәндерді оқу барысында мынадай мүмкіндіктерге қол жеткізеді:

- 1) оқу материалдарының мазмұнын көрнекілікті, түсінікті, қызықты етеді;
- 2) оқу материалдың суреттерін динамика түрінде көрсетуге (құбылыстарды әр түрлі жағынан және әр түрлі деңгейде);
- 3) оқушылармен жылдам және тиімді онлайн тестілеу өткізу;
- 4) оқушылармен өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, анықтамалық материалмен жұмыс істеуге үйрету;
- 5) жеке тұлғалық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыға ыңғайлы жағдай жасау, яғни оқушы үйде отырып та тапсырмаларды қосымша орындай береді.

Қазіргі ақпарат ғасырында өмірімізді әртүрлі ақпарат көздерінсіз елестету мүмкін емес. Теледидар мен радио желісінен бүкіләлемдік ғаламтор кеңістігіне көшіп бара жатқан кезде, келешек ұрпақты осы заманауи үрдістердің залалды әсерлерінен сақтап, пайдалы тұстарын өз жұмысымызда пайдаға асыру үшін ғаламтор желісін қазақ әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдалануға тырысуымыз қажет. Қазақ әдебиеті пәнінде ғаламтор желісін пайдалану формалары мынадай:

- ▶ онлайн режимде сабақтар өткізу;
- ▶ онлайн режимдегі тапсырмаларды орындау (тесттер, есептер);
- ▶ әртүрлі деңгейдегі онлайн олимпиадалар мен байқауларға қатынасу;
- ▶ мәліметтер қоры ретінде пайдалану.

Тәжірибе алмасу ретінде онлайн сабақтарға қатынасу әсіресе жас мамандар жұмысына методикалық үлкен көмек берері сөзсіз. Сонымен қатар оқушылар сабақта видеоматериалдар пайдаланады. Рефераттар жазу барысында оқушылар

өз беттерімен Интернет кеңістігінің материалдарын, электрондық оқулықтарды іздеу арқылы компьютерлік сауаттанады. ООушылардың функционалдық сауаттылығы оның ішінде оқу сауаттылығынан оқушыларды дайындау барысында ғаламтормен жұмыс үлкен рөл атқарады. Ол тек әртүрлі тесттер мен мәліметтер алатын ақпарат көзі ғана емес, даярлық жұмыстарында онлайн режиміндегі тесттерді орындау арқылы оқушыны тестпен жұмыс істеу дағдысына, уақытты үнемдеуге және қорытындысын талдау арқылы сол бойда қатемен жұмыс істеуге көп көмегін тигізеді. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы оқу сауаттылығы бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал жасайды. Функционалдық сауаттылық бойынша дарынды оқушылармен жұмысты да ғаламтор көмегімен тиімді ұйымдастыруға болады. Осы бағытта соңғы уақытта жиі-жиі ұйымдастырылып жүрген қашықтық республикалық, облыстық олимпиадалар мен байқауларға қатыстыру арқылы оқушылардың көптеген жетістіктеріне қол жеткізуі бірден-бір дәлелі. Сабақты қызықты формада ұйымдастыруға, кейбір өндірістік процестерді бейнелейтін дидактикалық материалдардың шексіз көзі болып табылатындықтан ғаламтормен жұмыс әрбір мұғалімнің шығармашылық ізденісіне көп көмегін тигізеді сөзсіз.

Практикалық жұмыс. Білім деңгейінің нәтижесі.

Мектептер үшін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда, стандартты оқу бағдарламасына қосымша бейімделген немесе авторлық бағдарламалар стандартты емес жеке нәтижелерге жетуді қамтамасыз етуге қолдануға болады. Осы тұрғыда оқушылар үшін арнайы сауалнама жүргізілген соң, шағын топ құрылды. Бұл топқа 7 сынып оқушылары және Горшкова Кристина, Максимова Анель, Черная Вера нысанаға алынған болатын.

Одан соң арнайы арнайы бағдарлама жа-

сақталып, жасақталған бағдарламаның зерттеудің мазмұны мен әдіснамасына қойылатын негізгі талаптарды орындай отырып (түсіндірме жазба, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, бағдарлама мазмұны, жоспарланған нәтижелер) және аттестациялау нысандарын (күнтізбелік-тақырыптық кесте, бағдарламаны жүзеге асыру шарттары, бағалау формалары, материалдар, әдістемелік материалдар, анықтамалар), сағат сандары реттеліп, аптасын 1 сағат, жылына 34 сағат болып жасақталды [4].

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын білу арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Біздің өзекті мәселеміз: жаңа оқыту әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту.

Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдылармен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып, қалыптасатын құзіреттіліктермен анықталады. Функционалды сауаттылықты дамыту мен қалыптастыру моделін төмендегідей қарауға болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қашықтықтан оқыту технологиясын қолдануда іске асыру III кезеңнен тұрады.

► Бірінші:

Дайындық. Қашықтықтан оқытуды іске асыру шарттарын бағалау. Бағалау критерийлерін әзірлеу. Сауалнама жүргізу.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын оның ішінде оқу сауаттылығының дамуын бақылау-бұл оқуды жылжыту қызметінің сапасына байланысты оқушылардың оқу белсенділігін бақылау және бақылау механизмі, бұл дегеніміз әрі қарайғы қызметті жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдаудың даму тенденция-

**Тірек сөздер:****Ағаш** – функционалды сауатты тұлға**Су** – педагогикалық технологиялар**Алма** – нәтиже. Құзыреттіліктің кілті**Су құйғыш** – мұғалім

лары мен салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

«Оқу деңгейі» кестесі

«Оқу техникасы» кестесі

► **Екінші:**

Қалыптастырушы. Оқытуды іске асыру.

Кезеңнің міндеттері:

1. Қатысушы сыныптарды анықтау;
2. Қашықтықтан оқытуды енгізу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

Жобалау және оны іске асыру – белгілі бір факторлардың нәтижелілікке әсерін қадағалау, бағдарламаға қатысушы оқушылармен жеке және жаппай жұмысты есепке алу, іс-шараларға қатысу және белсенділік.

Алғашқы қадам оқушыларға Telegram желісінде арнайы топтар құрылып, электрондық пошталары ашылды. Өйткені тапсырмалар осы желілер арқылы берілетін болады. Және де Youtube желісінде канал ашылып, оқу сауаттылығына байланысты сабақтар салынды. Және де оқушыларға ашылған электронды пошталар Google платформасы арқылы тіркеліп осы платформада,

яғни Google Форма арқылы оқу сауаттылығынан тесттер жасақталды.

Осы жобаны іске асыруда мектеп кітаханашыларымен де кеңінен жұмыстар жүргізілді. Жұмыс қашықтықтан жүргізілгесін ZOOM платформасы арқылы жүзеге асты. Бұл орайда ZOOM платформасының лицензиясын сатып алу арқылы уақыттың шектеусіз қабілетін ұсына білдік.

► **Үшінші:**

Жалпылама. Оқу сауаттылығын іске асыру нәтижелерін сапалық және сандық талдау.

Кезеңнің міндеттері:

1. Алынған нәтижелерді диагностикалау, талдау және жалпылау.
2. Функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар жинағын әзірлеу

Қорытынды

Қорыта келгенде, ҚО технологиясының функционалдық сауаттылықты арттырудағы тиімділігі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Демек, компьютер оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, қашықтан оқыту технологиясын сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады. Қашықтан оқыту технологиясы арқылы жасалатын тест тапсырмалары уақытты, шығынды үнемдеуге көмектесе отырып оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы, оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни қашықтан оқыту технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды деп ойлаймын.

Ортақ Отанымыз – Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауат-

тылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарымыз деген ойдамын.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларымен бірге өзім де тәжірибе алу үстіндемін. Ең алдымен, өзімнің алдыма қойған мақсатым – жаңа технологияны толығымен меңгеріп, мектебіміздің табалдырығын басқан жас ұрпағымызға сапалы білім бере отырып, заман талабына сай етіп тәрбиелеу.

Қолданылған деректер тізімі

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді акпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)
5. ШЖМ ҮШІН РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ // Әдістемелік ұсынымдар// Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы// Астана. 2018
6. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. // Элен Битэм, Рона Шарп// Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 2019

● ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА ПРАКТИКЕ В ПРОЦЕССЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

К. Ж. Кенжалиев

Учитель казахского языка и литературы
средней школы имени Ш. Уалиханова
Индерского района Атырауской области,
педагог-модератор

Аннотация. В этой статье подробно рассказывается о технологиях дистанционного обучения, используемых для повышения функциональной грамотности учащихся, в том числе грамотности чтения, что является актуальной проблемой в современном казахстанском об-

разовательном пространстве. Учитель, представляя свою учебную программу, предлагает как дидактические материалы, учебные тесты, эффективное использование специальных платформ. В своей практике он делится образцом успешно и эффективно применяемых задач, созданных с использованием дистанционных технологий.

Ключевые слова: PISA, функциональная грамотность, дистанционное обучение, оцифровка грамотности чтения.

● **DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS IN THE PROCESS OF DISTANCE LEARNING**

K. Zh . Kenzhaliev

Teacher of the Kazakh language and literature of the secondary school named after Sh . Ualikhanov of Indersky district of Atyrau region, teacher-moderator

Annotation. This article describes in detail the distance learning technologies used to improve the functional literacy of students, including reading literacy, which is an urgent problem in the modern Kazakh educational space. The teacher, presenting his curriculum, offers within the framework of the curriculum such works as didactic materials, educational tests, effective use of special platforms. In his practice, he shares a sample of competent tasks created using remote technologies that are successfully and effectively applied.

Keywords: PISA, functional literacy, distance learning, digitization of reading literacy.

МРНТИ 14.35.07

АКТУАЛЬНОСТЬ ВНЕДРЕНИЯ РОБОТОТЕХНИКИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС

Кошкарбаева Д. К.заместитель директора по учебной работе
ТОО «Smart technological school», педагог-мастер

Аннотация. Данная статья рассматривает актуальность использования робототехники в образовательном процессе. В статье представлен анализ технологий, используемых в обучении робототехнике, а также преимущества, которые обеспечивает внедрение этой области знаний в учебный процесс. Описаны конкретные методы и инструменты, используемые преподавателями на курсах по робототехнике, а также результаты, достигнутые учащимися в процессе обучения. Автор статьи делает вывод о том, что внедрение робототехники в образовательный процесс позволяет не только повысить интерес школьников к техническим наукам, но и развивать у них навыки программирования, логического мышления и командной работы, что является важным для их будущей карьеры в области науки и технологий.

Ключевые слова: робототехника, школа, навыки, дополнительное образование.

Введение

Сегодня робототехника быстро вписывается в школьную программу обучения техническим предметам и становится неотъемлемой частью учебного процесса. Робототехника учит обучающихся мыслить творчески, анализировать ситуацию и применять критическое мышление для решения реальных проблем. Изучение основ робототехники в школе способствует развитию у учащихся критического мышления и умения решать практические задачи. Создается привлекательная образовательная среда, вдохновляющая детей к новому через науку, технологию, поощряющая думать творчески, анализировать ситуацию, критически мыслить, применять свои навыки на практике. Занимаясь конструированием, учащиеся изучают простые механизмы, учатся при этом работать руками. Они

развивают элементарное конструкторское мышление, фантазируют, изучают принципы работы многих механизмов.

Предмет «Робототехника» имеет большие перспективы развития. Изучение основ робототехники может проводиться не только в рамках предмета информатики, а может быть внедрено в такие учебные предметы как физика, математика, технология и др. То есть нужен системный подход школы к встраиванию робототехники в образовательное пространство школы. Робототехника плавно вписывается и в дополнительное образование, и во внеурочную деятельность, и в преподавание предметов школьной программы. Подходит для всех возрастов. Обучение детей с использованием робото-технического оборудования представляет собой обучение в процессе

игры и техническое творчество одновременно, что способствует воспитанию активных, увлеченных своим делом обучающихся.

Применение робототехники как инновационной методики на занятиях в обычных школах и в учреждениях дополнительного образования обеспечивает равный доступ детей всех категорий к современным образовательным технологиям. Робототехника дает возможность выявить технические наклонности учащихся и развивать их в этом направлении. Робототехнику можно использовать на всех уровнях обучения.

Актуальность внедрения робототехники в образовательный процесс заключается в создании непрерывной системы для развития технического творчества, воспитания будущего инженера, начиная с детского сада и до момента получения профессии и даже выхода на производство.

Основная часть

Введение элементов робототехники в учебный процесс позволит заинтересовать учащихся, разнообразить учебную деятельность, использовать групповые активные методы обучения, решать задачи практической направленности. Программирование реального робота поможет увидеть законы математики не на страницах тетради или учебника, а в окружающем мире. Использование конструкторов Lego позволяет взглянуть на школьные предметы по-новому. Программирование роботов позволяет без усилий организовать межпредметные связи информатики с математикой, физикой, технологией.

Робототехника развивается в двух направлениях: образовательная и соревновательная. Современные стандарты обучения обладают отличительной особенностью - ориентацией на результаты образования, которые рассматриваются на основе системно-деятельностного подхода.

Для эффективного формирования информационной компетентности обучающихся в «Smart technological school» в образовательный процесс внедрен курс робототехники. Робототехника в школе представляет учащимся технологии XXI века и формирует навыки взаимодействия, самостоятельности при принятии решений, раскрывает их творческий потенциал. Дети и подростки лучше понимают, когда они сами самостоятельно что-либо создают или изобретают. Этот факт используется и учитывается при проведении занятий по робототехнике. Внедрение робототехники в образовательный процесс позволит заинтересовать учащихся, разнообразить учебную деятельность, использовать групповые активные методы обучения, решать задачи практической направленности. Программирование реального робота и использование конструкторов Lego позволяет взглянуть на школьные предметы по-новому.

В «Smart technological school» использование образовательной робототехники идет следующим образом:

1. Оснащение современным учебным инструментарием, который предоставит учащимся обширный практический опыт, установка новейшего программного обеспечения.
2. Создание образовательных программ по робототехнике.
3. Разработка занятий по робототехнике для учащихся всех ступеней обучения.
4. Организация в школе дополнительного образования по робототехнике.
5. Участие на всевозможных конкурсах, соревнованиях и олимпиадах по робототехнике.

В школе работает кружок, в котором ребята программируют и создают роботов. В школе имеется кабинет робототехники, достаточное количество комплектов робототехники. Это обычные конструкторы

LEGO, только с программируемым блоком, проводами, выходом USB и другим техническим оснащением. Этот набор поможет в курсе технологии средней школы понять основы робототехники, в курсе информатики — наглядно реализовать сложные алгоритмы, ведь программируя роботов, дети заставляют их выполнять различные задания. Главный метод, от которого зависит эффективность обучения основам робототехники – это метод проектов. Суть метода проектов заключается в том, что при их использовании учащиеся ставят и решают собственные задачи. Учитель только сопровождает самостоятельную деятельность. Мы считаем, что использование именно проектного и личностно - ориентированного метода обучения, дает возможность вовлечь учащихся в процесс приобретения знаний и умений с помощью широкой исследовательской деятельности и тщательно подобранных заданий.

Можно определить основные этапы разработки учебного проекта:

- ▶ обозначение темы проекта;
- ▶ определение цели и задач представляемого проекта;
- ▶ разработка механизма на основе конструктора Лего модели;
- ▶ составление программы для работы механизма в среде Lego Mindstorms;
- ▶ тестирование модели, устранение дефектов и неисправностей.

При разработке и подготовке проектов учащиеся делятся опытом друг с другом. При этом развиваются познавательные, творческие навыки, а также самостоятельность учащихся.

Таким образом, можно убедиться в том, что Лего, являясь дополнительным средством при изучении курса информатики, позволяет учащимся принимать решение самостоятельно, работать в команде. Робототехника на разных уровнях образования имеет различные цели. Поэтому рекомендуется, в зависимости

от возраста учащихся, использовать конструкторы разных типов, проводить различные мероприятия, изучать всевозможные темы.

В начальной школе рассматривают конструирование и начальное техническое моделирование. Для этого используются конструкторы Лего в любой модификации и конструктор “WeDo”, который даёт возможность построить различные виды моделей по инструкции. Программируя через компьютер, учащиеся 1 - 4 классов могут наделять интеллект своих модели. В основной школе усложняется как уровень моделирования, так и уровень программирования роботов, предполагающий более сложные языки программирования.

В качестве базового оборудования предлагается ЛЕГО конструкторы Mindstorms EV3. Используя датчики Vernier, можно проводить различные опыты на разных предметах. Группа обучающихся 5–9 классов занимается конструированием и программированием роботов.

В старшей школе углубляется изучение программирования и повышается уровень сложности конструирования робототехнических комплексов. Одним из вариантов комплексного развития робототехники является освоение станков с числовым программным управлением. Примером одного из языков программирования, который способны осваивать старшеклассники, является язык LabVIEW.

Кроме занятий по робототехнике по плану проводятся различные мероприятия, позволяющие привлечь интерес к робототехнике. Это могут быть конкурсы по робототехнике, турниры, викторины, а также олимпиады, где учащиеся могут соревноваться и поделиться собственным опытом.

Учащиеся школы в течение двух лет становятся призерами городских, областных и республиканских конкурсов по робототехнике под руководством Әуесхана Рауана Темирхановича и Мәлік Татьяны

Нурлановны. Учителя ведут кружок робототехники и помогают учащимся осваивать основы программирования. В 2021-2022 учебном году проект, подготовленный учеником 5 класса Прокофьевым Темирланом «Умный охранник» занял 2 место на Республиканском конкурсе исследовательских работ учащихся 2-7 классов «Зерде».

Благодаря эффективному построению работы с одаренными учащимися по изучению, внедрению метода проектов и сформированным навыкам исследовательской деятельности, работы в команде позволили ученику 9 класса Нурмагамбет Аргын занять 2 место на Республиканском конкурсе научных проектов школьников по образовательным предметам с проектом «Схема долговечного фонтана по принципу фонтана Герона» в городе Шымкент.

Проект выставленный в 2021 -2022 учебном году на областной конкурс научных проектов школьников по робототехнике ученицей 9 класса Нуркеновой Адией с руководителем Әуесхан Р.Т по теме «Умная парковка» заняла 3 место. Данный проект интересен тем, что решает и облегчает проблему парковки, указывает наличие количества свободных мест, указывает свободное место и тем самым облегчает процесс парковки водителям.

На открытом конкурсе по робототехнике среди школьников Есильского района «Достық и серіктестік», который проходил на базе школы-лицея № 89 представленные руководителем Мәлік Т. две команды «Smart technological school» по робо-футболу заняли 1 место (Нургали Ихсан, Канат Адилхан), в категории «Сумо» заняла 3 место (Асылбекова Амина, Куанышқызы Сара). Награждены Дипломами Уали Жания, Садиров Тимур, Алдабек Асанали, Кайшыгулова Жания.

В этом учебном году на конкурсе исследовательских проектов младших школьников «Зерде» в городе Шучинск проект «Умный дом» занял 1 место. Этот проект был представлен на выставке исследовательских проектов учащихся школ города учеником 7 класса Нұрғали Ихсан,

который проходил на базе школы – лицея №73. Он презентовал возможности умного дома и ответил на вопросы Министра Просвещения Республики Казахстан Бейсенбаева Гани Бектаевича.

Внедрение Smart технологий в систему образования позволяет активизировать деятельность педагога в новом формате, неотъемлемой частью которой станут самообразование и самосовершенствование учителя. Учителями школы проведены открытые уроки по использованию Smart технологий на уроках. На данных уроках учителей присутствовали представители, методисты НАО им. Ы.Алтынсарина. Отмечено, что процесс использования Smart технологий в образовательном процессе школы находится на достаточном уровне, о чём свидетельствует мониторинг использования электронных образовательных ресурсов на учебных занятиях, а также результативность участия учащихся в конкурсах по ИКТ.

Закключение

Привлечение школьников к исследованиям в области робототехники, обмену технической информацией и начальными инженерными знаниями, развитию новых научно-технических идей позволит создать необходимые условия для высокого качества образования. Это все добивается благодаря использованию в образовательном процессе новых педагогических подходов и применение новых информационных и коммуникационных технологий. Знания и умения использовать информационные технологии, знание определенных законов техники, позволит выпускникам школы соответствовать запросам времени и найти своё место в современной жизни. Для того, чтобы у ученика были сформированы учебная успешность, нужно добиться, прежде всего, чтобы школьник осознавал, что учебная деятельность, которой он занят в данный момент в школе повлечет за собой успех в его дальнейшей деятельности.

Таким образом курс «Робототехники» в рамках дополнительного образования позволяет:

- ▶ овладеть навыками начального технического конструирования;
- ▶ оказывает положительное влияние на развитие мелкой моторики;
- ▶ формирует такие важные понятия, как: конструкция, свойства конструкции, программа;
- ▶ позволяет приобрести навык взаимодействия в группе.

Включение робототехники в образовательный процесс позволяет реализовать часть аспектов образовательной программы, таких как знакомство с профессией инженера, формирование навыков работы с механизмами, творческое конструирование и мотивация к выбору профессии, связанной с инженерной деятельностью.

Список использованных источников

1. Сериков С.А. Робототехника в современном образовании // С. 241-243
2. Робототехника во внеурочной деятельности как средство развития творческого потенциала личности обучающегося / Г. М. Исмаилов, В. Е. Минеев-Ли // Профессиональное образование. – 2019. – №3(35). – С. 128- 133
3. Копосов Д. Г. Первый шаг в робототехнику: практикум для 5-9 классов. /Д. Г. Копосов, — БИ-НОМ. Лаборатория знаний, 2012, — 286с.
4. Пронин С. Г. Возможность использования образовательной робототехники в обучении учащихся средней школы // Молодой ученый. 2014. № 6. С. 111-113.
5. Ечмаева Г. А. Подготовка педагогических кадров в области образовательной робототехники // Современные проблемы науки и образования. 2013. № 2. С. 325.

● ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ РОБОТОТЕХНИКАНЫ ЕНГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Кошкарбаева Д. К.

«Smart technological school» ЖШС директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагог-шебер

Аңдатпа. Бұл мақала «Smart technological school» ЖШС жұмыс тәжірибесі мысалында білім беру процесінде робототехниканы қолданудың өзектілігін қарастырады. Мақалада робототехниканы оқытуда қолданылатын технологияларды талдау, сондай-ақ осы білім саласын оқу процесіне енгізудің артықшылықтары келтірілген. Робототехника курстарында оқытушылар қолданатын нақты әдістер мен құралдар, сондай-ақ оқушылардың оқу процесінде қол жеткізген нәтижелері сипатталған. Мақала авторы робототехниканы білім беру процесіне енгізу оқушылардың техникалық ғылымдарға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың бағдарламалау, логикалық ойлау және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, бұл олардың ғылым мен технологиядағы болашақ мансабы үшін маңызды деген қорытынды жасайды.

Тірек сөздер: робототехника, мектеп, дағдылар, қосымша білім.

THE RATIONAL OF THE INCLUSION OF ROBOTICS IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Koshkarbaeva D. K.

Deputy Director for Academic Affairs of Smart Technological School LLP, master teacher

Annotation. This article considers the relevance of the use of robotics in the educational process on the example of the experience of LLP «Smart technological school». The article presents an

analysis of the technologies used in teaching robotics, as well as the benefits that this field of knowledge provides in the educational process. The specific methods and tools used by teachers in robotics courses are described, as well as the results achieved by students in the learning process. The authors of the article conclude that the introduction of robotics into the educational process allows not only to increase the interest of schoolchildren in technical sciences, but also to develop their programming, logical thinking and teamwork skills, which is important for their future career in science and technology.

Key words: robotics, school, skills, additional education.

FTAMP 17.82.30

9-11 СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д. К. Кудайкулова

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар
қаласының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы инновациялық
үлгідегі жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Аңдатпа.

Бұл мақалада 9-11 сыныптарда әдебиет сабағында прозалық шығармаларды филологиялық талдаудың әдебиеттанушылық түрі тұрғысынан қарастырылған талдауүлгісі берілген. Жоғары сынып оқушылары ұсынылып отырған шығармалардың мазмұнын білумен шектеліп қоймай, ішкі жан дүниесіне үңіліп, әдеби талдау жасай алуы керек. Талдау барысында көркем шығарманың жанры және жанрлық түрін, көркемдік әлемін, композициялық поэтикасын, уақыты мен кеңістігін және интермәтінділігін зерттеп қарастыру өте ұтымды, сонда ғана туынды табиғаты толықтай ашылып, талдау өте нәтижелі болады. Жоғары сыныптарда әдебиеттанушылық талдау авторлық интенцияларды тануға мүмкіндік беріп, оқырманның мәтінді қабылдап, түсінуіне, интерпретация жасауына көмектеседі.

Кілтті сөздер:

әдебиеттанушылық, жанр, көркемдік әлем, композициялық тәсілдер, интермәтінділік.

Кіріспе

Көркем мәтінді филологиялық талдаудың үш түрі бар: лингвистикалық, лингвистикалық және әдебиеттанушылық. Бізді қызықтыратыны – соңғысы. Әдебиеттанушылық талдау – бұл, алдымен, мәтіннің идеялық-эстетикалық мазмұнын талдау, әдеби туындының проблематикасын, жанрлық сипатын, кейіпкерлер жүйесін және т.б. қарастыру.

Жоғары сыныптарда әдебиеттанушылық талдау авторлық интенцияларды тануға мүмкіндік беріп, оқырманның мәтінді қабылдап, түсінуіне, интерпретация жа-

сауына көмектеседі. Көркем мәтінге толықтай филологиялық талдау жасауды 9 сыныптан бастап үйреткен жөн.

Негізгі бөлім

9-сынып әдебиет оқулықтарында берілген белгілі жазушы Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романына әдебиеттанушылық талдау жасап өтсек. Роман 1975 жылы повесть болып шықты. 1980 жылы автор аздаған қосымшалар, өңдеулер енгізіп, «Ұлпан» романы етіп жариялады. «Ұлпанның» кейіпкерлері Ұлпан, Есеней, Мүсіреп – тарихта болған адамдар. Оқиға XIX ғасы-

рда қазақ даласында болған тарихи шындықтарға негізделген.

«Ұлпан» романын талдау барысында көркем шығарманың жанры және жанрлық түрі, көркемдік әлемі, композициялық поэтикасы, уақыты мен кеңістігі және интермәтінділігі зерттеп қарастыру өте орынды, сонда ғана туынды табиғаты толықтай ашылып, талдау өте нәтижелі болады.

Ең алдымен көркем шығарманың жанры мен жанрлық түріне тоқталу – романмен жалпы танысу үшін қажет. Әдеби жанрлар (түр, тек, жанр) – ауызша және жазбаша шығармалардың көркем даму процесінде қалыптасады. Поэтикада бұл ұғымдардың келесі типологиялық сипаттарын атаймыз: тек (эпос, лирика, драма); жанр (эпопея, роман, повесть, трагедия); жанрлық түр (тарихи роман, лирикалық повесть, сатиралық поэма және т.б.). Бұл анықтамалар белгілі бір мөлшерде тарихи дәстүрлерді де, этимологияны да, әдеби ойдың қозғалысын да, әдеби тенденцияларды ескеруден туған. «Ұлпан» романының тегі – эпикалық, жанры – роман, жанрлық түрі – тарихи роман. Шығарманың тегі, жанры мен жанрлық түрін оның көлеміне, бейнеленген шындығына және ішкі құрылысына назар аудара отырып анықтауға болады.

Шығарманың көркемдік әлеміне образ, пейзаж, заттық әлем және психологизм жатқызылады. Шығарманың көркемдік пішінінің өз құрылымы бар екені белгілі, ол (көркемдік пішін) үш қабаттан тұрады: көркемдік әлем, көркем тіл және композиция.

Көркемдік әлемді (адамдар, заттар, табиғат, іс-әрекеттер, жан толғаныстар және т.б.) жасаушы – автор. Шығарманың көркемдік әлемінің негізгі қасиеттеріне тоқталатын болсақ, көркемдік әлем шынайы өмірдің бейнесі болып табылады, яғни көркем туындыда шынайы әлемнің моделі жасалады. Әрине, әр жазушының шығармасындағы бұл модель әртүрлі болып келеді. Шығарманың көркемдік әлеміне бойлау үшін, алдымен, көркемдік детальдарға назар аударған дұрыс. Көркемдік тұтастықтың бір бөлше-

гі бола отырып, детальдің өзі ең кішкентай микросурет, сонымен қатар ол әрдайым тұтас бір бейненің бір бөлшегін құрайды.

Көркемдік детальді екі топқа бөліп қарастыруға болады: олар – сыртқы және психологиялық. Сыртқы детальдар, аты айтып тұрғандай, адамның заттық болмысы мен күнделікті тіршілік ортасын суреттейді. Сыртқы детальдар өз кезегінде портреттік, пейзаждық және заттық деталь болып бөлінеді. Ал психологиялық деталь кейіпкердің жан дүниесін, психологиялық толғаныстарын бейнелеп, психологиялық бейнелеу құралдарының қызметін атқарады. Шығармадағы сыртқы детальдардан мысал ретінде Ұлпанның сыртқы бейнесін Еселей көзімен суреттеуін ала аламыз: «Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қапсырмалы бұлғары белдік. Аяғында биік өкшелі шоңқайма етік «қосай калаш» – бәрі де сандық түбінде жататын қыздың «біркиері» екені танылып тұр...» [1, 183].

Психологиялық деталь: «Ұлпанның тұла бойы тітіркеніп кетті... бала мінезді болушы еді, қатты қорыққан екен. Жас балаша жылады, ерке болса да ер мінезді болушы еді, қорланып жылады. Үйге қадірлі қонақтар келген күні ұятқа ұшырап қалдым-ау деп, ұялғаннан жылады».

Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым образ. Әдебиеттегі адам, сөздегі сурет, шығармада өмір шындығын жинақтау, адам мінезін даралау, сайып келгенде, осылардың бәрінің сарқырап құяр сағасы біреу, ол – образ. Ал, «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті» [2, 106]. Шығармадағы образдардың бірі Мүсірептің келіншегі Шынардың бейнесіне мысал келтіріп өтсек: «Е, мына қыпша бел, сұңғақ бойлы, қызыл шырайлы торғылт келіншек Шынар болар. Аяғында кестелі етік... Ие, сол екен... күлімдеп, іші-бауырыңа кіріп бара жатқан

көзқарасы қандай әдемі еді! Ашаң да, ашық жүзді. Көк қиығының құйрығы азғана көтеріңкі... сол жақ бетінде бармақ баттасы бар».

Әдеби портрет көркем шығармадағы кейіпкердің сыртқы келбеті, оның ішінде бет пішіні, дене пішімі, киімі, өзін-өзі ұстауы, ым-ишараттары. Оқырманның кейіпкермен танысуы осы портреттен басталады.

Портреттің ең бір қарапайым және жиі қолданылатын түрі – портреттік сипаттама. *Портреттік сипаттама* толққанды, егжей-тегжейлі немесе жекелеген детальдарды ғана суреттеуі мүмкін. Сондай-ақ, портреттік сипаттамаға статикалық және динамикалық портретті де жатқызуға болады. *Статикалық портрет* – кейіпкердің біршама объективті, тұрақты, көп өзгеріске түспейтін белгілері, атап айтқанда, бойы, дене пішімі, көзі, шашы және т.б. *Ал динамикалық портрет* – кейіпкердің ым-ишараттары, жүріс-тұрысы, дене қимылы, сөйлеу мәнері.

Портреттің тағы бір түрі ретінде *портрет-теңеуді* айтуға болады. Аты айтып тұрғандай, мұнда кейіпкердің түр келбетін суреттегенде нақты теңеулер қолданылады.

Портреттің ең күрделі түріне *портрет-әсерді* жатқызамыз. Мұнда нақты бір портреттік сипаттар мен детальдар болмайды, тек басқа бір кейіпкердің алған әсері ғана суреттеледі.

Романнан мысал ретінде Ұлпанның портретін бере аламыз: «...Есенеидің бүгінгі көрген бойжеткен қызы – сол Ұлпан. ...Енді, міне, бүгінгі батылдығымен, бала кезіндегі еркелігімен, мақпал қара меңімен көз алдында тұрды да қалды. Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау!.. Зейінді, зерделі боларсың деп ойлап кетіп еді, ойлағаны келген де қойған. Ұтқызбай кетті ғой, сөз жоқ қой. Ит-ай, не деген маңдайы жарылып туған ит еді! ...Шешесі Несібелі сұлу да сүйкімді кісі еді, соған тартқан ғой. мінезі де шешесіне тартса ақжарқын, ашық, ақкөңіл болар. Ол бір таптырмайтын мінез ғой. Өзіне

сәукеле қандай жарасар еді!» [1,179]. Бұл портреттің ең күрделі түрі – *портрет-әсер* болып табылады.

Пейзаж – әдеби шығармадағы жаратылыстың яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі. Пейзаж көркем мәтінде өте маңызды рөл атқарады. Пейзаждың бірінші қызметі – іс-әрекеттің өтіп жатқан орнын көрсету. Бұл, бір қарағанда, қарапайым көрінгенімен, оның оқырманға беретін эстетикалық әсерін жете бағаламауға болмайды. Көп жағдайда іс-әрекет орны шығарма үшін өте маңызды болып келеді. Сонымен қатар, кейде пейзаж кейіпкер характерінің қалыптасуына эстетикалық тұрғыдан ықпал етеді. Көп жағдайда табиғатқа деген қарым-қатынас бізге кейіпкер характерінің немесе дүниетанымының маңызды жақтарын көрсетеді. Шығармада табиғат пейзажы былай суреттеледі: «Есенеи қазір қаптал-қапталдан, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәуір жерде, биіктеу жотаның қырқасында ат үстінде тұр. Көз жетпес көкжиекке дейін созылып-керіліп жатқан кең алқап шын-ақ мақтағандай екен. Жота-жоа қалың ормандар. Өзекті-шілікті, тұяқ тимеген қара отты кең шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар дердің шөбін әлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп, ірге тепкеніне байдың көңілі әбден тояттағандай» [3, 875].

Адам табиғат ортасында ғана емес, қолдан жасалған заттардың («екінші табиғат») әлемінде де өмір сүреді. Заттық әлемге Г.Пірәлиева мынандай анықтама береді: «Өмір сүру қабілеті бар табиғат туындылары (пейзаж) жанды нәрсеге жатса, жансыз нәрселер заттар әлемін (адамның өз қолынан жасалған бұйымдар – киім-кешек, үй жиһаздары, күнделікті тұрмысқа аса қажетті құрал-саймандар, т.б.) құрайды [4,114]. Қазақ әдебиетінде заттық әлемді көп қолданған жазушыларымыздың бірі – Ғ.Мүсірепов. Ол «Ұлпан» романында заттық әлемді өте шебер суреттейді: «Есенеи қосы деген екі ақ үй, үш қараша үйлер еді. Бәрі де тал мен шілік арасына, ығынға тігіліпті. Ағаш табанды шаналар, жегін саймандары өз алдына жеке қораланыпты. Есенеидің өзі жата-

тын үлкен ақ үйдің екі босағасында екі үлкен арабы иттердің үйшіктері тұр» [1, 177].

Әдебиеттегі психологизмге әдебиеттану ғылымында келесі анықтама берілген: «Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу». Психологизм дегеніміз – кейіпкердің ішкі жан дүниесін, нақтырақ айтқанда, ойларын, күйзелісін, тілек-ықыласын, эмоциялық жағдайын, т.б. көркем әдебиет құралдарының көмегімен әрі нақты, әрі терең бейнелеу.

Психологиялық бейнелеудің негізгі үш түрі бар:

«Бірінші – психологиялық бейнелеудің «тура» («прямой») түрі, бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу, яғни ішкі сөз, қағытпа (репликалар) түрі, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, түс көру, еске алу және елестету т.б. арқылы психологиялық талдау жасау.

Екінші – психиканы бейнелеудегі сыртқы психологиялық қимыл-көріністерге – ым мен ишараттарға мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану болып табылады.

Үшінші – осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психологиялық баяндау.

Психологизмнің келесі бір тәсілі – жан диалектикасы немесе қайшылығы. Тағы бір әдісі – жасырып қалу. Жазушы кейде кейіпкердің ішкі әлемі туралы ештеңе айтпайды, оқырманның өзіне психологиялық талдау жасатады.

Романдағы психологизм ішкі монолог түрінде кездесетін Есенейдің сөзін мысал ретінде келтірсем: «Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, Артықбай батырға ұрынып қалғаным қартая бастағаным-ау, – деп ойлады Есеней. – Әлде қадірім түсе бастағаны ма екен? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын ғой, ондайды өзім анықтап алушы едім!» [1, 177].

3. Прозалық мәтін композициясының поэтикасына талдау жасау үшін алдымен негізгі композициялық тәсілдерді білу қажет. Композициялық тәсілдер көп емес, негізгісі – төртеу: қайталау, күшейту, қарама-қарсы қою және монтаж.

Композицияның ең қарапайым және жиі кездесетін тәсілдерінің бірі – қайталау. Ол шығарманың бас-аяғын көмкеріп, композициялық жинақылық береді. Әсіресе сақиналы композицияда туындының басы мен соңындағы қайталаулар композициялық үндестік тудырып, шығармаға ерекше көркемдік мән үстейді.

Қайталауға жақын тәсілдің бірі – күшейту. Бұл тәсіл шығармада жай қайталап қою жеткіліксіз болғанда, бірыңғай детальдар не месе образдарды санамалай отырып, көркемдік әсерді күшейту мақсатында қолданылады.

Күшейту мен қайталаудан оқшаулау тұрған қарама-қарсы-қою тәсілі. Атынан айқын болғандай, бұл композициялық тәсіл образдарды қарама-қарсы қою, антитезаға арқылы жасалады.

Монтажды композиция көп жағдайда бірбірімен қиысуы қиын әрқелкі эпизодтарға, «кірме» әңгімелерге, лирикалық шегіністерге құрылған, «оқиға ішінде оқиғасы» бар көп желілі сюжетті шығармаларда кездеседі.

Романда композицияның күшейту тәсілі байқалады, феодалдық-патриархалдық қоғамда Ұлпан образын асыра-сілдеп, идеалдандырып, билікке үстемдік ететін адам ретінде суреттелген: «Менің Есенейім әне келе жатыр. Мені дүрелеп алсын демесеңдер, осымен тоқтайық» [1, 188].

4. Көркем уақыт пен кеңістік – әдебиеттану ғылымындағы мәні терең өзекті мәселелердің бірі. Болмыстағы құбылыстардың барлығын біз осы өлшемдер арқылы ғана бағамдай аламыз. Тылсым табиғатта мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе болмас. М.Бахтин көркем шығарманың бітіміне лайық өзара байланысқа түсіп, көркемдік қызмет атқа-

ратын уақыт пен кеңістіктің бірлігін «хронотоп» деп атайды. Көркем шығармадағы «хронотоп» немесе «мекеншақ» (Б.Майтанов) ұғымы әлемнің философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуір әдеби процесіндегі терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. Романдағы кеңістік – қазақ даласы. Оқиға кең байтақ қазақ жерінде, қазақ қоғамының тұсында орын алады. Ал шығарманың уақыты – ХІХ ғасырдағы қазақ даласы. Романда уақы әр түрлі формада беріледі: «Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар жапалақтай бастады» [1, 172]; «Кешкірген бұлыңғыр күн, қапалақтаған қар...» [1, 176]; «Бұдан он үш жыл бұрын көрген бала қыз әлдеқашан есінен шығып кеткен еді» [1, 179]; «Еселей күн бойы даушылардың ортасында» [1, 187]; «Тойдан кейін тоғыз күн өткен соң кешке қарай Ұлпан үйден шығып, қыр басында даугерлердің ортасында отырған Еселейге қарай бет алды» [1, 188]. Соңғы сөйлемде, байқаған болсаңыздар, уақытпен бірге кеңістік те берілген.

5. Көркем мәтіндегі авторлық ұстанымды көрсету тәсілдері. Оған мыналар жатады: көркем мәтіннің атауы (нышандары, түрлері, қызметі), көркем мәтіндегі кілтті сөздер, көркем мәтіндегі жалқы есімдер және баяндау түрлері. Авторлық ұстанымды көркем мәтінде байқамау қиын емес, шығарманың кез келген жерінен көре аламыз. Жалқы есімге мысал: «Еселейдің төрт қос жылқысы «Қаршығалы» шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді» [1, 172].

6. «Ұлпан» романында интермәтінділік біршама кездеседі. Оның ішінде көбі дәйексөздер болып табылады: «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық», «Түсі игіден түңілме», «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар», «Құлдыққа құлан құласа, құрбақа құлағында ойнар», «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы», «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан», «Аға өлсе – іні мұра, іні өлсе – аға мұрасы», «Біреудің қаңсысы – біреуге таңсық», «Жақыныңды жаттай сыйла, жат көңілінен түңілсін», «Байсыз қатын

– баусыз оймақ», «Бүлінгеннен бүлдіргі алма», «Байдың малы қымбат, кедейдің жаны қымбат», «Бүлдіршін көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді», т.б. Сонымен қатар авторлық афоризмдер де интермәтінділік болады: «Сорлының зары арлыға кездескей», «Біреудің даңқы атымен шығады, біреудікі итімен», «Барлық күні-түні – ойын-күлкі, мастықта, күндіз басы жастықта», «Баласыз әйел – панасыз әйел», «Нар көтермес жүк болмайды», «Жона бергеннің жұқарар кезі, соза бергеннің үзілер кезі бар», «Ел көшсе жайлау, құс кетсе көл жетімсірейді», «Қазақ айлаласының құйрығы бір-ақ тұтам», «Жақсы еркек жаман әйелді адам қыла алмайды, жақсы әйел жаман еркекті адам қыла алады», «Еркектің көркі ақылында, әйелдің ақылы көркінде», «Шала істеген іс жаман, шала піскен ас жаман», «Арық атқа жібек жабу жараспас», «Дау қуған ел жауығар, дау қумаған сауығар», «Қатын ерден кетсе де елден кетпейді», т.б.

Қорытынды

Қорыта келе, жоғарыда 9 сынып бағдарламасында берілген Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романына толыққанды әдеби талдау жасалды. Жоғарыда көрсетілген талдау үлгісі көркем мәтіннің кез келген түрінде қолданылады. Көркем шығарманың табиғатын, сырын жалпы зерттеу, қарастыру әдебиеттанушылық талдау арқылы жүзеге асады. Бұл талдау түрін әдебиет сабағында пайдалану оқушылардың танымдық білімдерін аттыруға септігін тигізеді. Оқушы шығарманың мазмұнын білумен ғана шектелмеуі керек. Әдебиет сабақтарында оқушылардың шығармаларды оқып қана қоймай, жалпы әдеби талдау жасауы өте ұтымды. Оқырман шығарманы оқу барысында емес, оқыған дүниесіне егжей-тегжейлі талдау жасау арқылы ғана туындымен толық таныса алады. Сол сияқты 10-сынып бағдарламасында берілген Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын, 11-сыныпта оқылатын Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» (бірінші кітап) романын жоғарыда көрсетілген әдеби талдаудың үлгісі бойынша зерделеу – мұғалім үшін де, оқушы үшін де танымдық білім көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Керімбекова Б., Мұқанова Ж. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 256 б., сур.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007 ж.
3. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2012. – 1120 бет.
4. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет.

ОСОБЕННОСТИ АНАЛИЗА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА НА УРОКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 9–11 КЛАССАХ

Кудайкулова Д. К.

учитель казахского языка и литературы КГУ
«Средняя общеобразовательная школа инновационного
типа имени Ахмета Байтурсынова города Павлодара»
отдела образования города Павлодара, управления
образования Павлодарской области

Аннотация. В данной статье представлен анализ прозаических произведений на уроках литературы в 9–11 классах с точки зрения литературоведческой формы филологического анализа. Старшеклассники должны не ограничиваться знанием содержания представляемых произведений, а заглянуть внутрь и провести литературный анализ. В процессе анализа наиболее рационально изучать жанр и жанровый тип художественного произведения, художественный мир, композиционную поэтику, время и пространство и интертекстуальность. И только тогда внутренний мир произведения будет полностью раскрыт, и анализ будет очень продуктивным. В старших классах литературоведческий анализ позволяет распознавать авторские интенции, помогает читателю воспринимать, понимать, интерпретировать текст.

Ключевые слова: литературоведение, жанр, художественный мир, композиционные подходы, интертекстуальность.

FEATURES OF THE ANALYSIS OF THE LITERARY TEXT IN THE LESSONS OF KAZAKH LITERATURE IN GRADES 9-11

Kudaikulova D. K.

teacher of Kazakh language and literature of KSU «Secondary school of innovative type named after Akhmet Baitursynov of Pavlodar city» of the Department of Education of Pavlodar city, Department of Education of Pavlodar region

Abstract. This article presents an analysis of prose works in literature lessons in grades 9–11 from the point of view of the literary form of philological analysis. High school students should not be limited to knowing the content of the presented works, but look inside and conduct a literary analysis. In the process of analysis, it is most rational to study the genre and genre type of a work of art, the artistic world, compositional poetics, time and space and intertextuality. And only then the inner world of the work will be fully revealed, and the analysis will be very productive. In high school, literary analysis allows you to recognize the author's intentions, helps the reader to perceive, understand, interpret the text.

Keywords: literary studies, genre, art world, compositional approaches, intertextuality.

FTAMP 28.17.33

ВИРТУАЛДЫ ШЫНАЙЫЛЫҚ ОРТАСЫНДА КОЛЛАБОРАТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

М. У. Мукашева

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Білім беруді цифрландыру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, п.ғ.к., доцент

А. С. Жанасбаева

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Білім беруді цифрландыру зертханасының ғылыми қызметкері, магистр

Аңдатпа.

Мақалада виртуалды шынайылықты оқытудың көпфункционалды ортасы ретінде пайдалану проблемалары туралы ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеудің нәтижелеріне шолу жасалды. Иммерсивтік технологиялардың түрлері туралы нақты деректер келтірілді. Виртуалды шынайылық ортасында коллаборативті оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қосымшалар және оның дәстүрлі коллаборативтік оқытудан өзгешелігі, оқушылардың білім нәтижелеріне әсері туралы мәселелер қарастырылды.

Кілтті сөздер:

иммерсивті технологиялар, виртуалды шынайылық, коллаборативті оқыту, иммерсивті оқыту, Meta Horizon Workrooms, Rumii.

Кіріспе

Мектептегі оқыту әдістемелерін жетілдіруде жаңа заманауи құрылғылар мен цифрлық технология жетістіктерін таңдау және оларды оқыту процесіне енгізу күрделі шешімдердің бірі болып табылады. Бұл шешімдерді қабылдауда көптеген мүдделі тараптармен жұмыс жасауға тура келеді және мұғалімдер мен оқушылардың жаңа технологияларды күнделікті оқу іс-әрекетінде қалай пайдаланатыны алдын-ала зерттеліп, бағалануы қажет.

Негізгі бөлім

Білім беру саласындағы қазіргі зерттеулер иммерсивті технологиялардың мүм-

кіндіктерін үлкен деректер (BigData), блокчейн (Blockchain), жасанды интеллект (Artificial intelligence), заттар интернеті (Internet of Things) секілді заманауи цифрлық технологиялармен қатар қойып отыр. Иммерсивтік технологиялар қоршаған әлемді, физикалық шынайылықты имитациялайтын жасанды ортаға тән үш негізгі қасиеттерімен ерекшеленеді. Бұл қасиеттерге иммерсивтілік (immersive), қатысу эффектісі (presence effect) және тура уақыт режиміндегі интерактивті әрекет ету (Interactive real-time action) жатады. Иммерсивті технологиялардың кеңірек таралған түрлеріне виртуалды және толықтырылған шынайылықтар жатады. Виртуалды шынайылық (VR, Virtual reality) – бұл компьютер көмегімен жасалған

және адам өзара әрекеттесіп, қарым-қатынас жасай алатын симуляциялық орта. Адам өзі жасанды түрде құрылған ортаға еніп, сол ортадағы заттарды қолдана алады және әр түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады. Толықтырылған шынайылық (AR, Augmented reality) – бұл шынайы физикалық объектілерді, нақты уақыт режимінде компьютерде жасалған виртуалды объектілермен толықтыратын орта [1]. Осылайша, толықтырылған шынайылық нақты әлемді қабылдауға бөлек жасанды элементтер қосады, ал виртуалды шынайылық жаңа жасанды әлемді тудырады. Сондай-ақ, виртуалды және толықтырылған шынайылық аясында «аралас шынайылық» (MR, Mixed Reality) және «кеңейтілген шынайылық» (XR, Extended Reality) ұғымдары да жиі қолданылады. Аралас шынайылық (MR, Mixed Reality) – бұл шынайы физикалық объектілер мен цифрлы объектілердің нақты уақыт режимінде өзара параллель жұмыс жасауын қолдайды. «Кеңейтілген шынайылық» (XR, Extended Reality) термині иммерсивті технологиялардың бірнеше түрлерін, виртуалды, толықтырылған және аралас шынайылықты біріктіру үшін қолданылады. XR префиксі құрылғының бірнеше технологияларды қоса пайдаланатындығын көрсетеді.

Қазіргі уақытта иммерсивтік технологиялардың, атап айтқанда виртуалды шынайылық технологияларының білім берудегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігі дәлелденіп отыр [2,3]. Ғалымдар мен педагогтардың тұжырымдауынша виртуалды шынайылық тәжірибе негізінде оқытуды (конструктивизм), жобалық оқытуды, ойлауға негізделген оқытуды және геймификация элементтерін пайдаланып оқыту секілді тәсілдерді жүзеге асырудағы тиімді технология болып табылады. Виртуалды шынайылықты білім беруде қолданудың кең тарала бастауына қарапайым қолданушылар үшін қолжетімді виртуалды шынайылық гарнитураларының пайда болуы әсер етті. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларына арналған, ұзақ жылдар бойы зерттеуден өткізіліп қолданысқа енгізілген виртуалды шынайылық гарнитуралары да пайда бола бастады [2,3]. Осыған байланысты вир-

туалды шынайылық ортасында оқытуды ұйымдастырудың да түрлері өзгере бастады. Мысалы, HTC Vive Pro, Oculus Quest, Sony PlayStation VR, Samsung HMD және т.б. гарнитуралар бастапқы уақытта жеке білім контенттері үшін пайдаланылып келген болса, соңғы жылдары бірнеше қолданушыларға арналған виртуалды шынайылық қосымшаларының пайда болуына байланысты оны бірлестіре (коллаборативті) оқыту үшін қолдану ғалымдар мен мамандардың назарын аударып, қызығушылығын арттырып отыр.


Компьютердің қолдауымен коллаборативті оқытуды жүзеге асыру әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты зерттеліп келе жатырған мәселе екені белгілі. Коллаборативті оқытудың теориялық бастаулары оқытудың әлеуметтік теориясының идеяларына немесе оқытудың әлеуметтік тәсілі деп аталатын ұстанымдарға негізделген. Бұл идеялар мен ұстанымдар оқытуды адамдардың өзара әрекеттесуіне негізделген әлеуметтік процесс ретінде қарастырады. Коллаборативті оқыту әдістемесін қолданудағы басты мақсат – оқушылардың білім алуы, тұлғалық қасиеттерінің, когнитивтік қабілеттері және коммуникативтік құзіреттіліктерінің қалыптасуы мен дамуы, оның жеке басына ғана емес оның басқа оқушылармен бірлескен әрекетінің нәтижесі болуымен ерекшеленеді. Коллаборативтік оқыту онлайн форумдар, чаттар, Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom сияқты платформаларда жүзеге асырылып жүр. Әлемді жайлаған COVID-19 пандемиясы кезінде де білім беру процесін сақтап қалу үшін көптеген мемлекеттер осындай қолжетімді немесе арнайы жасалған, коллаборативтік тәсілді қолдайтын платформаларда қашықтан оқытуды қолданды. Бірақ бұл мүмкіндіктерді пайдаланғанның өзінде мектеп оқушыларының басым бөлігі, сыныптастарымен қарым-қатынастың жетіспейтіндігін және қашықтан оқытудағы әдістемелердің біржақтылығына, өзара бірлескен шынайы қарым-қатынастың жетіспейтіндігіне шағымданады [4].

Коллаборативтік оқытудағы мұндай проблемаларды шешудің бір тәсілі ретінде бірнеше қолданушыларға арналған

виртуалды шынайылық қосымшаларын немесе платформаларын қарастыруға болады. Пайда болғанына аз уақыт өтсе де келесі платформаларды коллаборативтік оқытуда пайдаланудың мүмкіндіктері зор болып отыр:

- Meta (Facebook) компаниясының өнімі болып табылатын Meta Horizon Workrooms платформасында аватар бейнесіндегі қолданушылар үшін көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Өзара пікір алмасу, виртуалды шына-

йылық ортасындағы бөлмедегі тақта, телевизор немесе тағы басқа зертханалық құралдарды бірлесе пайдалану, бір-біріне нақты уақыт режимінде сұрақтар қойып, бір кеңістікте жұмыс жасау дәстүрлі сыныптағы оқыту процесіне барынша ұқсас болып келеді (1-сурет). Meta Horizon Workrooms платформасының виртуалды шынайылық ортасына ену үшін Oculus Quest VR - гарнитуралары қолданылады. Бұл гарнитуралар қазіргі уақыттағы көп тараған қолжетімді VR – құрылғылар қатарына жатады.



1-сурет. Meta Horizon Workrooms платформасындағы коллаборативтік қарым-қатынас.

Дереккөз: <https://www.meta.com/work/workrooms/>

- Коллаборативтік ұстанымды алғашқылардың бірі болып қолдаған Rumii for Education and Training платформасының артықшылықтары виртуалды шынайылықты барынша нақты шынайылыққа жақындату болып та-

былады. Жоғары деңгейлі графика, түпнұсқаға барынша ұқсайтын виртуалды модельдер оқушылардың шын өмірдегідей дағдыларды үйренуіне барынша көмектесе алады (2-сурет).



2-сурет. Rumii виртуалды шынайылық ортасындағы коллаборациялық әрекеттер.

Дереккөз: <https://www.dogheadsimulations.com/rumii>

Шынайы практикада мүмкін емес немесе аса көп шығындарды қажет ететін құбылыстар мен процесстерді осы виртуалды шынайылық ортасында бірігіп немесе жекелей жасап көру мүмкіндігі қарастырылады (3-сурет).

Бұл технологиялар оқытуды интерактивті және қызықты ете отырып, педагогика саласына тың өзгерістер әкелуі мүмкін. Виртуалды шынайылық – бұл сыныптағы дәстүрлі оқыту әдістерін өзгерте алатын

тағы бір инновациялық технология. Бұл технология білім алушыға иммерсивті оқыту арқылы ең күрделі және материалдық жағынан қолжетімділігі мүмкін емес деген тақырыптарға енуге және оны терең түсінуге көмектеседі. Білім саласындағы зерттеушілердің назарын аударып отырған тағы бір мәселе виртуалды шынайылық ортасында аватар-оқушы өзін-өзі еркін сезінеді, айналасына алаңдамай тәуелсіз және еркін оқу мүмкіндігіне ие болады. Мұндай еркін оқудың

білім сапасына, жалпы оқыту нәтижелеріне айтарлықтай әсері бар екені туралы да жиі айтыла бастады.

Қорытынды

Виртуалды шынайылықты оқытуда пайдаланудың өз проблемалары да бар. Виртуалды әлем оқушыны барлық жағынан қоршап тұрады. Виртуалды ортада адам бағытын өзгерте алады, бас пен денені айналдыра алады, қозғала алады және осы өзгерістердің барлығын көзбен және сезім мүшелерімен сезіне алады. Яғни виртуалды әлемге толығымен енеді, басқа сезім мүшелері мен көздің қабылдауы сәйкес келмеген жағдайда ғана қабылдаудың табиғи сипаты бұзылуы мүмкін. Мысалы, оқушының виртуалды әлемде жоқ бірақ өзі тұрған бөлме қабырғасына немесе бөлмедегі заттарға соғылуы, немесе виртуалды баспалдақтан түсіп келе жатып, тегіс еденге құлауы мүмкін. Денсаулығына байланысты бас айналу немесе өзін жайсыз сезінуі мүмкін. Мұндай қолайсыздықтар жиі кездеспегенмен, оның себептерін білу және алдын-алу маңызды болып табылады. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясында 2020 жылы басталған ғылыми зерттеулер барысында (<https://uba.edu.kz/>) виртуалды шынайылықтың оқыту ортасына тән келесі контексттер анықталды: педагогикалық, технологиялық, әлеуметтік және денсаулықты қорғау [2,3]. Білім берудегі иммерсивтік технологиялардың және де виртуалды шынайылыққа тән бұл контексттердің әрқайсысы өз алдына жан-жақты зерттеуді қажет ететіні байқалып отыр.

VR технологиялары қашықтықтан оқытудағы білім сапасын жақсартуға да көп мүмкіндік береді. Білім алушы мен мұғалім бір сыныпта бола алмаса да, олар виртуалды сыныпта кездесе алады. Виртуалды шынайылық сыныбындағы оқыту бұл бейнеконференция арқылы оқытудан өзгеше болады. Мысалы, білім алушылар мен мұғалім өздерінің аватарлары, вир-

туалды қолдарын пайдаланып, сыныптағы 3D модельдерді, тақталарды, басқа цифрлық ресурстарды ортақ түрде еркін пайдалана алады. Өздерінің оқу тілдерінде бір бірімен еркін сөйлесе алады.

VR/AR технологиялары мүмкіндіктерінің білім беру сапасын жақсартуда үлкен әсері болатынын оқытушылар мен мұғалімдер жоққа шығармайды. Білім беру ұйымдары арасындағы, мысалы, шалғайда орналасқан мектептер мен қала мектептері арасындағы білім беру мен материалдық айырмашылықтарды азайтуда VR/AR технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану өзіндік маңызы бар шешім болып табылады.

Мақала AP14870741 «Виртуалды шынайылықтың оқу ортасындағы бірлестіре оқытудың білім алушылардың білім нәтижелеріне әсері» жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды. Қаржыландыру көзі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті.

Пайдаланған деректер тізімі

1. Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО. Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, 2019 [Электронный ресурс]. URL: <https://iite.unesco.org/ru/publications/struktura-ikt-kompetentnosti-uchitelej-rekomendatsii-unesco/> (Сұраныс күні: 27.10.2020).
2. **Сарсимбаева С.М., Корнилов Ю.В., Мукашева М.У.** Технологии виртуальной и дополненной реальности в образовании. Монография – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2022. – 335 с. ISBN 978-601-7664-51-0
3. **Mukasheva M., Kornilov I., Beisembayev G., Soroko N., Sarsimbayeva S., Omirzakova A.** Contextual structure as an approach to the study of virtual reality learning environment. Information & communications technology in education | Research article. Cogent Education (2023), 10: 2165788
4. Результаты мониторинга по дистанционному обучению в среднем образовании. Обучающиеся. 1 часть. // Ответственные за выпуск: Ж. Жилбаев, А. Култуманова, А. Жусип. – НАО им. И. Алтынсарина, 2020 г. – 35 с.

● ВОЗМОЖНОСТИ КОЛЛАБОРАТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В СРЕДЕ ВИРТУАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ

М. У. Мукашева

Ведущий научный сотрудник лаборатории
цифровизации образования Национальной академии
образования им. И. Алтынсарина, к. п. н., доцент

А. С. Жанасбаева

Научный сотрудник лаборатории цифровизации
образования Национальной академии образования
имени И. Алтынсарина, магистр

Аннотация. В статье представлен обзор результатов научно-методического исследования проблем использования виртуальной реальности в качестве многофункциональной среды обучения. Приведены конкретные данные о видах иммерсивных технологий. Рассмотрены вопросы о приложениях, позволяющих осуществлять коллаборативное обучение в среде виртуальной реальности и его отличиях от традиционного коллаборативного обучения, влиянии на результаты обучения учащихся.

Ключевые слова: иммерсивные технологии, виртуальная реальность, коллаборативное обучение, иммерсивное обучение, Meta Horizon Workrooms, Rumii.

● OPPORTUNITIES FOR COLLABORATIVE LEARNING IN A VIRTUAL REALITY ENVIRONMENT

M. U. Mukasheva

Leading researcher of the Laboratory of Digitalization of Education of the National Academy of Education named after I. Altynsarin, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

A. S. Zhanasbayeva

Researcher of the Laboratory of Digitalization of Education of the National Academy of Education named after I. Altynsarin, Master's degree

Abstract. The article presents an overview of the results of scientific and methodological research on the use of virtual reality as a multifunctional learning environment. Specific data on types of immersive technologies are given. Considered questions about applications that allow collaborative learning in a virtual reality environment and its differences from traditional collaborative learning, the impact on student learning outcomes.

Key words: immersive technologies, virtual reality, collaborative education, immersive learning, Meta Horizon Workrooms, Rumii.

ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС И ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СЛУЖБА



FTAMP 15.31.31

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУ - ТОЛЕРАНТТЫ МІНЕЗ ҚҰЛЫҚТЫҢ ШАРТЫ

Бапаева М.К.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Теориялық және практикалық психология» кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы

Мусаева Р.А.

Алматы облысы, Қапшағай қаласы
«Орта мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын орталығымен» МКМ, бастауыш сынып мұғалімі

Аңдатпа.

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту мен толеранттылығы арақатынасы және осы ұғымдардың мінез-құлықтың шарты ретінде қарастырылу жағдайына талдау жасалынған. Толеранттылық және рефлексия ұғымдарына сипаттама берілген. Толеранттылықтың тұлғаның ішкі ресурстарының жүйесі әрі шешім қабылдауға дайындығы мен қабілетін көрсету, ойларымен, сезімдерімен, құндылықтарымен, мінез-құлқымен ерекшеленетін күрделі міндеттер қоршаған ортаны қоздыратын факторлар ретінде тұжырым жасалынған. Рефлексиялық процестер мен түзілімдер рефлексиясының қалыптасуы бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінде жүзеге асады. Осы орайда мақалада бастауыш мектеп оқушыларының ойлау рефлексиясының ерекшеліктері мен даму динамикасын эксперименттік зерттеу үшін, бастауыш мектеп жасындағы рефлексияның даму деңгейін анықтайтын арнайы әдістемелер қолданылып, нәтижесі кесте түрінде ұсынылған.

Кілтті сөздер:

толеранттылық, тұлғалық ресурс, ойлау рефлексиясы, оқу әрекетінің субъектісі, рефлексивті әрекеттер, эмпирикалық ойлау, теориялық ойлау.

Кіріспе

Әлемде, қоғамда болып жатқан жаһандық әлеуметтік-экономикалық, психологиялық өзгерістер жер бетіндегі әрбір адамның өміріне әсер ететіні анық. Ақиқаттың шекарасын кеңейту, қазіргі заманғы адам білетін, сезінетін осы процесте әртүрлі мәдениеттердің өзара әсері мен өзара араласуы толеранттылықты қалыптастыру проблемасына тап болады. Толеранттылықты зерттеудің психологиялық аспектілері А. Г. Асмолов, С. S. Abacioglu, M. Volman және т. б. еңбектерінде қарастырылды.

Толеранттылық-адамның ішкі ресурстарының жүйесі, жеке тұлғаның оң және нәтижелі шешім қабылдауға дайындығы мен қабілетін көрсету өзімен және сыртқы келбетімен, ойларымен, сезімдерімен, құндылықтарымен, мінез-құлқымен ерекшеленетін, иммунитетке ықпал ететін күрделі міндеттер қоршаған ортаны белсендендіретін факторлар. Ресурс - тұлғаның қажетті жағдайда оған жүгіне алатын қоры, құралы [1]. Толеранттылық тұлғаның бірыңғай дайындығы мен өзара іс-қимылдың күрделі міндеттерін оң және нәтижелі шешу қабілетіне негізделі отырып, біріншіден «Мен», «Мен және басқалар»; екіншіден өзекті немесе әлеуетті болуы тиіс жағдайларда, сонымен қатар әр түрлі формада көрінуі мүмкін, мәселен тұлғааралық, этносаралық, гендерлік және т.б.

Толеранттылық мақсатты және кезең-кезеңмен қалыптасады. Толеранттылықты қалыптастыру – бұл саналы құзыреттілік саласын кеңейтуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар барысында оның қалыптасу және даму процесінің бастапқы кезеңі. Толеранттылық бұл мінез-құлықтың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін, ол субъектіге саналы әрекеттер арқылы жеке басының ерекшеліктері мен жағдайына сәйкес, қиын өмірлік жағдайды немесе стрессті жеңуге мүмкіндік береді (копинг-мінез-құлқы).

Психологиялық талдаулар негізінде рефлексия ұғымы ойлаудың ажырамас

бөлігі екенін көрсетті. Ойлау компоненті ретінде рефлексия адамның қарама-қайшылықты шешу қабілетімен байланысты. Жалпы теориялық және психологиялық контексте рефлексия сананың іргелі сапасы ретінде қарастырылады. Іс-әрекетті орындау кезінде адам қандай негіздерге бағытталатынына байланысты формальды (сыртқы, ситуациялық негіздер) және мазмұнды (ішкі, айтарлықтай жалпыланған негіздер) рефлексия бөлінеді. Рефлексивтілік – бұл «диалогтік ойлаудың» көрінісі мен мәні.

Оқушыларға әлемдік деңгейде білім, тәрбие беру – қазіргі заман талабы. Оқу іс-әрекетінде баланың қоғаммен қатынастары жүзеге аса бастайды, оны жеке басының сапаларымен қатар, психикалық үдерістері де қалыптаса бастайды. Бастауыш мектеп кезеңінде алған білімдері бала өз іс-әрекетінде қолдануға машықтанады. Баланың ақыл-ой әрекетінің дамуы үдерісінде орындау практикалық әрекетінен ішкі ақыл-ой әрекетіне көшу көрінеді. Дегенмен, практикалық әрекет жоғалмай, керісінше, оқушының жаңа, қиын тапсырмаларды орындау негізінде байқалады. Ойлаудың ішкі жоспарға көшуі арқылы ізденіс, негізгі сипаттағы практикалық әрекетті орындауды үйренеді.

Оқу үдерісіне ой операциялары да іске асады. Елестету бойынша заттарды дұрыс әрі оңай салыстыра алады. Абстрактылы ұғымдарды салыстыру байқалады. Логикалық ойлауының даму ерекшелігінде ой қорытындысын жасай алу, себебі салдар анықтау, түсінік беру сияқты түрлері анық көріне бастайды.

Оқушыларға жоғары дәрежеде, жүйелі түрде және нәтижелі ақыл-ой әрекеті дамып жетіледі. Бұл өзін қоршаған орта туралы, қоғамға еніп жатқан жаңа техника туралы, танымдық қатынастарды меңгере алуынан көрінеді. Осы арқылы баланың ақылы және оның танымдық қызығушылықтары қалыптасады.

Қазіргі таңда мектеп оқуды үйрену талаптарын қояды. В. В. Давыдовтың түсінігінде үйрену қабілеті-кез-келген іс-әрекетте және адами қарым-қатынаста өзінің шек-

теулерін жеңу мүмкіндігі. Оқу қабілетінің бұл компоненттері рефлексивті түзілімдер болып табылады [2].

Бастауыш мектеп жасындағы контексте «өзін-өзі оқыту» В.Г. Романконың зерттеуіне сәйкес, бұл жас кезеңінде іс-әрекеттің жетекші түрі ретінде оқу қызметінде өз шектеулерін білу және оларды жеңу қабілеттерін білдіреді [3].

Рефлексиялық процестер мен түзілімдер рефлексиясының қалыптасуы бастауыш мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінде жүзеге асады. (В.В. Давыдов, А.З. Зак, Л.К. Максимов, П. В. Новиков және т. б.).

Ойлау рефлексиясы мектептегі оқудың басында қалыптасуы мүмкін, мұнда оқу іс-әрекетінің материалы ғылыми ұғымдар жүйесі болып табылады, оқу модельдері құрал ретінде әрекет етеді және оқу ынтымақтастығы түрінде жүзеге асырылады. Негізгі мазмұн-рефлексивті білім, белгілі бір тапсырмалар класын шешудің жалпы әдісі, оның шекарасын оқушының өзі анықтайды.

Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясында рефлексия ұғымы көбінесе білім алушылардың оқу іс-әрекетін зерттеуге байланысты қарастырылады:

- ▶ «оқушылардың оқу іс-әрекетінің өзіндік тәсілдерін бөліп көрсету, талдау және пәндік жағдаймен байланыстыра білуі, ерекше бағалау қабілеті
- ▶ оқу іс-әрекетінің жоспарлары мен бағдарламалары тұрғысынан өз іс-әрекетінің мүмкіндіктері» (В.В. Давыдов).
- ▶ «адамның не істеп жатқанын түсіне білуі және өз қызметін дәлелдей білуі» (Н. Ф.Талызина) [4, б. 39].
- ▶ «іс-әрекет тәсілдерін білу, оның семантикалық ерекшеліктерін анықтау, оқушының немесе мұғалімнің білім жетістіктерін анықтау. Білім алушы не істегенін ғана емес, сонымен қатар оның қалай жасалғанын да біледі» (В.В. Краевский және А. В. Хуторский) [5, С. 52].

- ▶ «оқу әрекеті субъектісінің ойлау әрекетін немесе сезімдік бастан кешкен сана-сезім процесі» (В.И. Слободчиков) [6, С. 168].

Shtulman A., Young A.G. еңбектерінде когнитивті рефлексия аналитикалық ойлауды дамыту және жетілдіру үшін қажетті шарт болуы мүмкін екенін көрсетеді, осылайша даму тұрғысынан когнитивті рефлексияны зерттеудің құндылығын көрсетеді. Психологияда В. В. Давыдов, П. В. Новиков және басқа зерттеушілер оларға ерекше назар аударады. Ойлаудың екі түрлі түрі бар: эмпирикалық және теориялық, олар рефлексияның екі негізгі түріне сәйкес келеді: сәйкесінше формальды және мазмұнды[7; 3].

Негізгі бөлім

Бастауыш мектеп жасында теориялық ойлау дамиды, бұл Д. Б. Элькониннің зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Сондықтан, егжей-тегжейлі оқу іс-әрекетін жүзеге асыру барысында бастауыш мектеп оқушыларының мазмұнды рефлексиясы дамиды[8]. Айта кету керек, бастауыш мектеп оқушыларының рефлексиялық дамуы туралы бірқатар зерттеулерге қарамастан (В.В.Давыдов, А.З. Зак, В.С. Гончаров, В.Г. Романко, П.В. Новиков, В.В. Репкин және т. б.), бұл проблема педагогикалық және жас психологиясы үшін өзекті болып қала береді.

Біздің мақсатымыз 1-4 сынып оқушыларының теориялық ойлау рефлексиясын зерделеу нәтижелерін талдау болып табылады.Зерттеу бастауыш сынып оқушыларының арнайы әзірленген теориялық мәселелерді шешудегі рефлексивті әрекеттерінің ерекшеліктерін анықтауды қамтыды.

В.В. Давыдовтың, П. В. Новиковтың[9] ойлау рефлексиясын түсіну тәсіліне сүйене отырып, біз рефлексияны объективті және психикалық әрекеттердің негіздерін талдау және осы негіздерді түрлендіру мүмкіндігі ретінде анықтаймыз. Г.П. Щедровицкийдің ұстанымы бойынша формальды және мазмұнды рефлексияны бөлу адамның іс-әрекетті орындау кезінде

қандай негіздерге бағытталатынына байланысты болатынын тұжырымдайды [10].

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы. 1-4 сынып оқушыларының ойлау рефлексиясының дамуын анықтау үшін арнайы зерттеу жүргізілді. Зерттеуге бастауыш мектептің 62 білім алушысы қатысты, оның ішінде: 1-сыныптың 23 білім алушысы, 2-сыныптың 26 білім алушысы, 3-сыныптың 24 білім алушысы және 4-сыныптың 24 білім алушысы.

Бастауыш мектеп оқушыларының ойлау рефлексиясының ерекшеліктері мен даму динамикасын эксперименттік зерттеу үшін, біз, бастауыш мектеп жасындағы рефлексияның даму деңгейін анықтайтын П.В.Новиковтың «Өрнектер», «Фигуралар», «Қатарлар», «ШИФР», «6 тапсырма» шартты атауларын алған тапсырмаларын қолдандық. Алғашқы екі тапсырма визуалды-әрекеттік түрде, қалған үш тапсырма ауызша – символдық түрде шешіледі. Эксперименттік тапсыр-

малар білім алушылармен екі-үш кездесу кезінде ұсынылып, жүргізілді.

Бұл әдістерді таңдау келесі ережелерге байланысты:

1. Әрбір әдістемеге эмпирикалық және теориялық жолмен шешуге болатын бірнеше ұқсас міндеттер кіреді.
2. Тапсырмалар әртүрлі шағын түрлерге бөлінеді, бұл оларды мазмұнды топтастыруға және бастауыш сынып оқушысының әрекет ету режиміне рефлексияның болуын анықтауға мүмкіндік береді.
3. Тапсырмалар оқу бағдарламасының мазмұнына тікелей байланысты емес. П. В. Новиков әдістемесі А. З. Зактың формальды және мазмұнды рефлексиясын зерттеуді анықтау әдісіне негізделген.

Бастауыш мектеп оқушыларын ойлау рефлексиясының деңгейлері бойынша бөлу 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Бастауыш мектеп оқушыларының рефлексия деңгейі

Рефлексия деңгейі	Білім алушылар 1 сынып	Білім алушылар 2 сынып	Білім алушылар 3 сынып	Білім алушылар 4 сынып
Рефлексия жоқ	21,7 %	19,2 %	16,7 %	12,5 %
Ресми рефлексия	60,8 %	53,8 %	54,1 %	54,2 %
Мазмұнды рефлексия	4,3 %	15,4 %	20,8 %	25,0 %
Аралас тұрақсыз рефлексия	13,2 %	11,6 %	8,3 %	8,3 %



1-сурет. Білім алушылар 1 сынып



2-сурет. Білім алушылар 2 сынып



3-сурет. Білім алушылар 3 сынып



4-сурет. Білім алушылар 4 сынып

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының дамуына талдау жүргізу олардың төрт тобының сәтті шешілген міндет-

терді қалай жіктегеніне және содан кейін олардың тобын негіздеуге байланысты бөлуге мүмкіндік берді.

Бірінші топқа 1-сынып білім алушыларының 21,7%, 2-сынып білім алушыларының 19,2%, 3-сынып білім алушыларының 16,7% және 4-сынып білім алушыларының 12,5% кірді. Бұл топтың білім алушылары ұқсас тапсырмалар жоқ деп санайды, барлық тапсырмалар әртүрлі, сондықтан «оларды әр түрлі жолмен шешу керек» немесе «әр жерде әр түрлі белгілер» және т. б.

Мәселелерді шешу процесінде білім алушылар өздерінің іс-әрекеттерінің негіздерін қарастырмады, мәселелерді шешудің жолын анықтай алмады, сондықтан оқушылардың осы тобында іс-әрекет режиміне рефлексия ұсынылмаған деп қорытынды жасауға болады. Білім алушылардың міндеттерін шешу эмпирикалық тәсіл шеңберінде жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының басым көпшілігі екінші топқа кірді. Ресми рефлексиясы бар балалар келесідегідей көрсеткіштер арқылы анықталды: 60,8 % 1-сынып білім алушылары; 53,8% - ы; 2-сынып білім алушыларының 58,3% - ы және 4-сынып білім алушыларының 54,2% - ы.

Бұл топты тапсырмалар тобы сыртқы, ситуациялық, тікелей бақыланатын белгілер бойынша жүргізілген оқушылар құрады, олар өз шешімдерін есептердегі ұқсастықтың ресми белгілеріне сүйене отырып негіздеді. Бұл топтың балалары іс-әрекет режиміне ресми рефлексиямен сипатталады. Осы топтың білім алушылары үшін эмпирикалық ойлау тән, тапсырмаларды шешу кезінде олар міндеттер шарттарының сыртқы, елеусіз ерекшеліктеріне көңіл бөлген. Аталған топтың оқушылары тапсырмаларды мазмұнды талдауға қол жеткізе алмайды. Әр мәселені шешкен кезде тапсырмалар мен олардың шешімдері арасында байланыс болмайды.

Осылайша, осы топтың оқушылары рефлексивті дамуды ұсынады, онда дайын стандартты бағдарлама бойынша орындалатын жеке атқарушы әрекеттер көрсетіледі және бақыланады. Осы топтағы білім алушылардың рефлексиясы бұрын игерілген әрекет принципін емес, іс-әре-

кеттің нәтижесіне бағытталған. Білім алушылар нәтижені берілген үлгімен немесе дайын нәтижемен салыстырумен шектеледі.

Үшінші топқа өздері шешкен барлық тапсырмалардың мазмұнды тобын орындаған және міндеттердің ұқсастығын, оларды шешудің бірдей тәсілімен негіздеген оқушылар құрады. Мұндай білім алушыларға мазмұнды рефлексия тән. Рефлексияның бұл типі бойынша ең аз көрсеткіш 1-сынып оқушыларының тобына тиесілі (4,3 %). Мазмұндық рефлексиясы бар балалар саны мынадай тәсілмен бөлінді: 1-сынып білім алушыларының 4,3% - ы; 2-сынып білім алушыларының 15,4% - ы; 3-сынып білім алушыларының 20,8% - ы және 4-сынып білім алушыларының 25,0% - ы.

Осы топқа кіретін оқушылар, мазмұнды рефлексиясы бар, міндеттерді шеше отырып, жалпыланған, жағдайдан тыс нұсқауларға сүйенді және оларды өз әрекеттерінің негізі деп санайды. Осы топтағы оқушылардың ақыл-ой әрекетінде сынақ пен қателік әдісі жоқ, ойлау мен қорытындылау, ұйымның ақыл-ойы және іс-қимыл әдістерін наты іске асыру басым болып табылады.

Оқушылар ұсынылған міндеттер жүйесін құру мен шешудің жалпы принципін тапты, шешілетін міндеттердің мазмұнындағы маңызды қатынастар туралы түсінік көрсетті, бұл міндеттердің жағдайларын мазмұнды талдай алатындығын көрсетеді.

Оқушылардың жіберілген қателіктерін мазмұнын қайта талдау, шешім жоспарын қайта қарау және басқа мүмкіндіктерді қарастыру арқылы өз бетінше түзете алу, мұның бәрі ойлау рефлексиясының көрінісі болып табылады.

Төртінші топқа 1-сынып білім алушыларының 13,2% - ы, 2-сынып білім алушыларының 11,6% - ы, 3-сынып білім алушыларының 8,3% - ы және 1-сынып білім алушыларының 8,3% - ы кірді. Міндеттерді шешу кезінде білім алушылар міндеттерді шешу тәсілі бойынша да, фор-

мальды, сыртқы белгілері бойынша да бір мезгілде жіктелді. Бұл топтама аралас, тұрақсыз рефлексияға жатады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының ойлау рефлексиясы қарапайым мектептің бағдарламалары оқушының іс-әрекет режиміне толық рефлексиясын қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

- ▶ оқушыларда мазмұнды рефлексияның дамуы өздігінен және бастауыш мектепті бітіргенде бастауыш сынып оқушыларының біразында ғана жүреді;
- ▶ білім алушылардың төрттен бір бөлігі ғана мазмұнды рефлексияға ие;
- ▶ ең көп топ (көрсеткіштер 53,8% – 60,8% бастауыш мектеп оқушылары диапозонында);
- ▶ есептерді шешуге эмпирикалық тәсіл (сынақ және қателік әдісі) тән формальды рефлексиясы бар оқушылар.

Осылайша, бастауыш сыныптағы ұйымдастырылған білім беру қызметі бастауыш сынып оқушыларының мазмұнды рефлексиясының дамуын қамтамасыз етпейді. Бастауыш мектепте оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларында эмпирикалық ойлау, демек, формальды рефлексия басым болады.

Бастауыш сынып оқушыларының недәуір мүмкіншілігі бар. Себебі олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі дейтін Ж.Пиженің пікірі дұрыс болғанымен, қазірде бұрын аңғарып көрмеген қабілеті бар екені анықталып отыр. Осыған сүйеніп психологтер қазіргі күнде беріліп жүрген оқу тапсырмалары оқушылар үшін жеткіліксіз дейді. Олар мүмкіншілігін толық тауыса алмайды. Сондықтан бұлардың оқуға мүмкіншілігін толық пайдалану үшін тапсырманы онан әрі қиындату қа-

жет дейді. Егер осы жастағылардың негізгі әрекеті бұрын ойын болып келсе оқуға кіргеннен кейін оқу қызметі шешуші рөл атқарады. Сөйтіп, оқу негізгі қызметке айналып баланың психикалық дамуын ірі өзгерістерге ұшырайды. Өзгерістерге ұшырауының себебі ойынға қарағанда, оқу талабының бала үшін қиындығында.

Дегенмен мен әуелгі уақытта мектептегі жаңа жағдайға бала әлі бейімделе алмағандықтан, оқу үстінде қиыншылықтар кездеседі: *біріншіден*, бала мектептің жағдайына бейімделе алмай қиналады. Осының нәтижесінде тез болдырып шаршауы да ықтимал. *Екіншіден*, мұғалімнің өзіне тән мінезіне және құрбыларымен қалай қарым қатынас жасауға үйрене алмағандықтан бала қиналады, сыныптың мұғалімі қанша жақсы болғанымен, бала оған бата алмай, бірдеңені сұрау үшін сескенеді.

Үшіншіден, бірінші сынып оқушыларға қойылатын талаптар тым жеңіл келеді. Тапсырмалардың жеңіл болуы баланы қиыншылықпен күресуге жетелемейді, дегенмен бала оқиды, оқығысы келуі мектептегі жағдайдың оған қызық көрінуінен мектепке келу қызық болып көрінгенімен оқуға арналған баланың қажеттілігін жөнді дамыта алмайды. Осының нәтижесінде мектептің жағдайына қызығу балада бірте-бірте сөнеді де, оқуға немқұрайды қарайтын болады. Немқұрайлықпен күресу үшін баланың оқуға ықыласын тудырып, тапсырмаларды бірте-бірте қиындату қажет.

Әдетте, оқу материалы жеңіл келсе, баланың іші пысып, жалқаулыққа салынады. Ал тым қиын келсе, әлі жете алмағандықтан, үлгерем деуден күдер үзіп, одан бас тартатын болады. Осы екі жағдайдың екеуі де қолайсыз, сондықтан тапсырманың қиындығы оқушы үшін қолайлы дәрежеде құрылуы тиіс. Тапсырманың жеңіл болғанынан гөрі, қиынырақ келуі әлдеқайда ұтымды. Себебі азды-көпті қиындығы бар тапсырмалар баланың қиналуына, ақыл-ойының алға қарай өрістеуіне жағдай туғызады. Осы үш түрлі қиыншылықтардың кездесетінін бірінші сыныптың бас кезінен бастап еске алу қажет[1].

Қолданылған деректер тізімі:

1. **Abacioglu C. S., Volman M., Fischer A. H.** Teacher interventions to student misbehaviors: The role of ethnicity, emotional intelligence, and multicultural attitudes (2021) *Current Psychology*, 40 (12), pp. 5934 - 5946. DOI: 10.1007/s12144-019-00498-1
2. **Давыдов, В. В.** Теория развивающего обучения / В. В. Давыдов. – М.: ИНТОР, 1996. – 238 с.
3. **Романко, В.Г.** Особенности рефлексивного контроля как учебного действия / В. Г. Романко // Новые исследования в психологии. 2005. №1. С. 27-31.
4. **Талызина, Н. Ф.** Педагогическая психология: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / Н. Ф. Талызина. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 288 с.
5. **Краевский, В. В.** Основы обучения. Дидактика и методика: Учеб. пособие для студ. высших учеб. заведений / В. В. Краевский. – М.: Академия, 2007. – 238 с.
6. **Слободчиков, В. И.** Психология человека / В.И. Слободчиков. – М.: АСТ, 2013. 360 с.
7. **Shtulman A., Young A.G.** The development of cognitive reflection (2023) *Child Development Perspectives*, 17 (1), pp. 59 - 66. DOI: 10.1111/cdep.12476 <https://www.scopus.com/inward/record.uri?eid=2-s2.0-85145271123&doi=10.1111%2fcdep.12476&partnerID=40&md5=63dfb48e4a611804c9e9b-707c1954a78>
8. **Эльконин, Д. Б.** Детская психология : учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений / Д. Б. Эльконин. – М.: Академия, 2007. 194 с.
9. **Новиков, П. В.** Развитие рефлексии у младших школьников: Дис. ... канд. психол. наук [Текст]: 19.00.07 / П. В. Новиков. – М., 1998. – 190 с.
10. **Щедровицкий, Г. П.** Рефлексия в деятельности Публ. докл. прочит. в 1972 г. [Электронный ресурс] / Г. П. Щедровицкий // Вопросы методологии. – 1994. – № 3-4. – С. 76-120. – Режим доступа: <http://www.reflexion.ru/Library/Schedr1972.doc>.
11. **Бапаева М.К.** Даму психологиясы. Алматы. 2014. 440 б.

● РАЗВИТИЕ РЕФЛЕКСИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ – УСЛОВИЕ ТОЛЕРАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ

Бапаева М. К.

профессор кафедры «Теоретическая и практическая психология» Казахского национального женского педагогического университета, доктор психологических наук

Мусаева Р. А.

учитель начальных классов КГУ «Средняя школа-гимназия с дошкольным мини-центром» г. Капшагай Алматинской области

Аннотация. В статье дан анализ соотношению рефлексии и толерантности младших школьников. Дана характеристика понятий «толерантность» и «рефлексия», которые в статье рассматриваются, как условия поведения. Система внутренних ресурсов личности толерантности и демонстрация готовности и способности к принятию решений, сложные задачи, отличающиеся мыслями, чувствами, ценностями, поведением, сформулированы как факторы, провоцирующие окружающую среду. Формирование рефлексии, рефлексивных процессов и образований происходит в учебной деятельности младших школьников. В связи с этим в статье для экспериментального исследования особенностей и динамики развития рефлексии мышления младших школьников предлагается рассмотреть возможность развития рефлексии в младшем школьном возрасте.

Ключевое слова: толерантность, ресурсы личности, рефлексия мышления, субъект учебной деятельности, рефлексивные действия, эмпирическое мышление, теоретическое мышление.

● THE DEVELOPMENT OF REFLECTION OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN IS A CONDITION FOR TOLERANT BEHAVIOR

Bapaeva M. K.

Professor of the Department of «Theoretical and Practical Psychology» of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Doctor of Psychological Sciences

Musayeva R. A.

primary school teacher of KSU «Secondary school-gymnasium with preschool mini-center» Kapshagai, Almaty region

Abstract. The article analyzes the ratio of reflection and tolerance of younger schoolchildren and the state of consideration of these concepts as conditions of behavior. The characteristic of the concepts of tolerance and reflection is given. The system of internal resources of tolerance personality and demonstration of readiness and ability to make decisions, complex tasks differing in thoughts, feelings, values, behavior, are formulated as factors provoking the environment. The formation of reflection of reflexive processes and formations occurs in the educational activities of younger schoolchildren. In this regard, in the article for the experimental study of the features and dynamics of the development of reflection of thinking of younger schoolchildren, it is proposed to consider the possibility of developing reflection in primary school age.

Keywords: tolerance, personality resources, reflection of thinking, subject of educational activity, reflexive actions, empirical thinking, theoretical thinking

FTAMP 14.25.05

ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ІС-ШАРАЛАР

Танирбергенова А.Ш.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Психология, тәрбие және тұлғаны дамыту
орталығының директоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Мақалада тәрбие ұғымы Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев еңбектері негізінде тұжырымдалған. Мақала мазмұнында білім беру ұйымдарындағы өзекті мәселелер мен проблемалар көтеріледі. Тәрбие адамның адами келбетін сақтап тұруға негіз болатын асыл қасиеттерді оның бойында қалыптастыруға бағытталған деген тұжырым жасалған. Мақалада әр адамның ар-ұжданына негіз болатын әділеттілік, мейірімділік, отансүйгіштік, бауырмалдық, елжандылық, білімге ұмтылу мен салауатты өмір салтын ұстануға негіз болатын құндылықтар анықталған олар: ұждан, кемелдену, Отан.

Кілтті сөздер: тәрбие, құндылық, ұлттық құндылық, адами қасиет, тәрбиелік іс-шара.

Кіріспе

Сапалы білім және мәдениетті, саналы ұрпақ тәрбиесі барлық уақытта өзекті. Қазіргі кезеңдегі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адам өміріне ғана емес, олардың өмір сүру әдебіне, қарым-қатынас мәдениетіне де өзгерістер әкелді. Бұл өз кезегінде білім алушылардың тәрбиесіне де ықпал етті.

Бала тәрбиесі ана құрсағынан басталып, ананың сүтімен беріліп отбасынан бастау алады. Отбасы бала әлеуметтенуінің алғашқы институты ретінде қала бермек.

Ең алдымен «Тәрбие деп нені айтамыз?» деген сұраққа жауаптан бастайық.

Ж. Аймауытов [1] «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде адамның талабын, амалын түзу

бағытқа, ретке салып, адам баласының арасындағы қатынасын жөндеу тәрбие ісі екендігін айтады. Тәрбие шындықты, ізгілікті, көркемдікті өмір жүзінде іске асыруға адамды жетелейтіндігін көрсетіп, қасиетті міндеттерге жетуге жанды қанаттандыратын, қаруландыратын күш ретінде сипаттаған.

Мағжан Жұмабаев [2] тәрбие төрт түрлі дей келе, оны дене, ақыл, сұлулық және құлық тәрбиесі деп бөледі. Ол, егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны деп тұжырымдаған.

Мағжан Жұмабаев тәрбие туралы ойларын тізбектей келе тәрбиелі, шынайы адам деп атауға тұрарлық адамның қандай болу керектігін айтады. Егерде бала ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жа-

лаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын деп ата-анаға кеңес береді.

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы қазақ тілінде жазылған «Педагогика» оқулығында «Бала аурулы, зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы», - дейді. Демек, Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесіндегі кемшіліктер ересектердің кемшілігінен, яғни бала тәрбиесінде ата-ана, педагогтер қауымы барлығы бейжай қарамай, бірлесіп әрекеттесуінің маңызын айқындап тұр.

Мағжан Жұмабаев, адам баласына тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсетуді тәрбие деп анықтайды. Ал, адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару тәрбиенің мақсаты деп тұжырымдайды [2].

Демек, адам баласына берілетін азықты рухани тұрғыдан қарайтын болсақ, онда бұл адамның адами келбетін сақтап тұруға негіз болатын асыл қасиеттерді адам бойында қалыптастыруға бағытталған дүние тәрбие болмақ деп тұжырым жасауға болады.

Балабақшада баланы басқалармен қарым-қатынас жасауға, баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып оның бойында басқалармен тіл табысуға, орта тәртібіне сәйкес әрекет ете білуге, басқа балаға тимей, онымен бірлесіп әрекет етуге, өзіне қызмет етуге, таза жүруге баулимыз. Кейде ата-ананың шамадан тыс қамқорлығынан балалар басқа ортаға бейімделуде қина-

лады. Сол себепті баланың үнін естумен қатар, баланың өзіне оның әлі келетін іс-әрекеттерде дербестік беру маңызды.

Бастауыш сынып оқушысы ретінде мектеп табалдырығын аттаған бала өзінің оқушы деген әлеуметтік ортадағы орнын табуға, сабақ оқып, білім алудағы жауапкершілігін түсінуге, берілген тапсырманы немесе міндетті уақытылы әрі соңына дейін жеткізіп орындау, өз заттарына, оқу-құралдарына, киіміне, оқу орнына ұқыптылықпен қарау, таза жүру, мектептің, сыныптың тәртібімен санасу, басқа сыныптастарымен, құрдастарымен тіл табысу, жол қауіпсіздігін сақтау т.б. сынды жауапкершіліктерді түсінеді. Ата-анасына, ұстазына, достарына құрметпен қарайды. Сынып жоғарылаған сайын бала қойылатын талап пен жауапкершілік арта түсетінін түсінеді. Сондықтанда баланың әр жас кезеңіне сәйкес оған берілетін тәрбиенің де ауқымы кеңейіп жауапкершілігі артады.

Негізгі бөлім

Тәрбие кең ауқымды, көп қырлы дейміз. Себебі, тәрбие баланың басқалармен қарым-қатынас жасауы, өзін ортада, дастархан басында, достарының немесе құрдастарының арасында, отбасында, ата-ананың алдында қалай ұстайтындығынан бастап, мінез-құлық ерекшеліктерінің бар қырын қамтиды.

Сол себепті, тәрбие адамның өсіп жетілуін, өркендеуін, адами келбетін құрайтын қасиеттерді бойына сіңіруін, қарым-қатынас жасау әдебін, тұлғалық қалыптасуын, жалпы дене, ақыл-ой, адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбие заман талабына сай, қоғам игілігіне негіз болатын құнды қасиеттерді адам бойында қалыптастыруға бағыт береді.

«Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасында қазақстандық жастардың құндылық бағдары айқындалған [3]. Бұл зерттеуге 14-29 жасар арасындағы жасөспірімдер мен жастар қатысқан. Қазіргі жасөспірімдер мен жастар құндылық ретінде ең алдымен отбасын (83,3%), денсаулықты

(64,2%) көрсеткіштерін көрсетеді. Бұл әрине көңіл қуантарлық. Дегенменде мамандық меңгеру (19,6%), оқу, білім (19,5%) құндылықтарының көрсеткіші төмен. Бұл әрине өкінішті. Баланың мамандық игеріп, өмірден өз орнын табуы, білімді болуы баланың жеке басы үшін де, еліміз үшін маңызды мәселе. Мамандық меңгеруге қызығушылықтың болмауы, баланың өз болашағына бейжай қарауынан туындайды десек қателеспейміз. Оқу, білім алуға деген ұмтылыстың төмен болуы қазіргі жасөспірімдер арасындағы вейп, шылым шегу, насыбай ату, ішімдік ішу, т.б. дерт орын алғандығын көріп келеміз. Осы ұлттық баяндамада жасөспірімдер мен жастардың бос уақыттарын әлеуметтік желілерде, жалпы Интернет кеңістігінде өткізетіндігін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқан қалада тұратын жасөспірімдер мен жастарының 69,4%, ауылдың 76,3% әлеуметтік желілердегі видео контентін қарайтындығы туралы көрсеткіш келтірілген. Қала бойынша 38%, ауыл бойынша 43,6% жасөспірімдер мен жастар кітап оқымайтынын айтқан.

Демек, бала тәрбиесінде кітап оқу дағдыларын жетілдіре отырып, оларды білімге ұмтылуға, білім мен ғылымға құштар болуға тәрбиелей аламыз. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы вейп эпидемиясын, темекі шегі, насыбай ату т.б. зиянды проблемаларды шешуде салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын дамыта отырып, денсаулық құндылығын дәріптей аламыз.

Осы тұрғыда үздіксіз білім беру жүйесіндегі өскелең ұрпақ тәрбиесінде қандай құндылықтарды сіңіру керек деген ой келеді. Балалар мен жастарды әл-Фарабидің парасатты адам, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік», Яссауидің хәл туралы, Абай Құнанбаевтың «Толық адам», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар-ұждан» ілімдері, Алаш орда зиялыларының педагогикалық мұралары тәрбие тұғыры болмақ.

Бала тәрбиесінде әрине біз әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи т.б. ойшылдардың ізгілік қасиеттеріне тәрбиелеу арқылы қоғам дамуы бола-

тындығы туралы идеяларын басшылыққа алынды.

Абай Құнанбайұлы талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды асыл қасиеттер адамның адами келбетін қалыптастыруда маңызды екенін көрсетеді. Ал, бұл асыл қасиеттердің өзегі – ар-ұят. Ұятты сезіну – адамды парасаттылық пен тәкәппарлық арасындағы мінез-құлықты реттейтін қасиет. Ұятты жоғалту арқылы адам адамдық келбетін жоғалтатынын Абай отыз алтыншы қара сөзінде негіздеген және «Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ», деп ар-ұят, намыс, әділдік, мейірімділік ізгілікке негізі болатындығын, адам болудың тура жолын көрсетеді [4].

Ал, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» еңбегінде адам болу үшін керекті іс – ұждан деп көрсеткен. Ұждан деп – ынсап, әділет мейірімді атады. Адам бойында білім мен ақыл болуын асыл қасиеттілікке балаған. Шәкәрім Құдайбердіұлы нысап пен мейірім, әділетті жоғары сақтауға, оны жеке бас мүддесінен, мақсатынан жоғары қою қажеттігін айтқан («Анадан алғаш туғанымда») [5].

Рухани кемелденген тұлғаның Абай мен Шәкәрім айтқан қасиеттері адамзат дамуының қазіргі кезеңінде де өзектілігін жойған жоқ.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев т.б. Алаш зиялылары ұрпақ тәрбиесі ана тілге, төл мәдениетке, ата-баба мұрасын құрметтеуге негізделуі керектігін айтады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының ауызша тарихын жазып, ұлт, ел ретіндегі төлтума даралығымызды сақтаудың, тектілікті маңызына еңбектерін арнаған Ақселеу Сейдімбеков те бала тәрбиесі ұлттың өзіндік ерекшелігіне негізделуі керектігін айтады.

Қ. Жарықбаев халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік, ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы дей келе, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік,

ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы деген тұшымды ойды негіздеген. Бұл идея Ө. Озғанбайдың, С. Қалиевтың, Ж. Ж. Наурызбайдың т.б. еңбектерінде жалғасын табады.

Әл-Фарабиден басталған ұрпақ тәрбиесі адалдық, ар-ұждан, намыс, бауырмалдық, еңбекқорлық пен білім құмарлық, тіл мен ділдің үстемдігін түсіну, ел мен жердің тұтастығын сақтау, Отанын, туған жерін сүю, ұрпақтан ұрпаққа жеткен тарихи мұраларды, мәдениетті құрметтеп, отбасының құндылығын бойына сіңіру сынды құнды қасиеттер маңызды болып қала бермек. Осыған орай үздіксіз білім беру жүйесінде өскелең ұрпақты тәрбиесіне тірек болатын ұждан, Отан, кемелдену құндылықтары маңызды.

Отан отбасынан басталады десек, бала бойында отан құндылығын сіңіру отбасы тәрбиесі, ата-анаға құрмет көрсетуге, отбасылық татулық пен бірлікке, бауырмалдыққа және туған жеріне деген сүйіспеншілікке, кіндік қаным тамған жер, ата-баба қонысы деп түсінуге негіз болатын тарихи сана мен елжандылықты қалыптастыру қажет.

Өскелең ұрпақ бойына ұждан құндылығы ар-намыс, мейірімділік, жанашырлық, таза ниетке негізделетін әділеттілік, адалдық, жауапкершілік қасиеттеріне тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар кемелдену құндылығын бала бойына сіңіру қажет. Кемел адам ұлттық энциклопедияда [5] араб тілінен алынғанда толық адам дегенді білдіреді. Ал, толық адам идеясы Абай Құнанбайұлының шығармаларында кеңінен ашылған. Демек, жүрек пен ақылы, күш-қайраты үйлесімді адам кемел адамға келеді. Ал, кемелділік сонда оның денсаулығы, мәдениеті, білімге ұмтылысы, еңбекқорлық арқылы келеді.

Аталған құндылықтар бала бойына өздігінен қалыптаспайды. Сондықтан педагог, сынып жетекшілері мен ата-аналар арасындағы кешенді әрекет етуді қажет.

Тәрбиенің жылдық жоспарында оқу жылындағы мерекелік, атаулы күндер ескерілген мерекелік іс-шараларды және оқу жылында білім алушылар және олардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс жоспары, әлеуметтік педагогтің, психологиялық қызметтің, сынып жетекшілерінің, кәсіптік бағдарлаушы мамандарының жылдық жоспары қамтылады.

Тәрбие жоспарында оқушылардың қауіпсіздігін сақтауға басымдық беріле отырып, мектептен және сыныптан тыс іс-әрекеттерін жоспарлау, құқықтық, медицина сала қызметкерін мектепішілік іс-шараларға тартуда ескеріледі.

Оқушылармен тәрбие жұмысы сапалы болу үшін ата-анамен жұмыс маңызды.

Ата-анамен жұмыс барысында келесі мәселелер назарда болғаны жөн:

- ▶ балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру;
- ▶ балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін баланың әлеуметтік желілердегі кеңістігін назарда ұстауы туралы тренингтер ұйымдастыру (сынып, мектеп деңгейлері);
- ▶ балалар арасындағы субмәдениет және оның бала психологиясына ықпалы туралы, яғни балалардың қандай да бір кейіпкер (аниме, манга, компьютерлік ойындар мен т.б.) бейнесіне толық енуінің қатері туралы кейс-сессиялар ұйымдастыру (сынып, мектеп деңгейінде);
- ▶ балалар арасында интернет ойындарға онлайн бәс қоюдың орын алуы және оның алдын-алу бойынша TED&X форматында кездесулер өткізу (мектеп деңгейінде);
- ▶ балалар арасындағы вейп эпидемиясы және оның бала денсаулығына зияны мен салдары туралы ақпарат беруге медицина, құқықтық орган қызметкерлерін тарту арқылы кездесу өткізу;

- ▶ балалардың жас және психологиялық ерекшелігіне сай келмейтін іс-шараларға жібермеу туралы ақпараттандыру;
- ▶ балалар арасындағы бұзақылық және оның жауапкершілігі туралы ата-аналарға кездесулерге құқықтық қорғау орган қызметкерлерін тарту.

Білім алушылардың арасында туындайтын қиындықтарды шешуде сынып жетекшілер келесідей іс-шаралар өткізу ұсынылады:

- ▶ балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша пән мұғалімдерімен бірлескен жобаларға оқушыларды тарту (сыныптық, мектептік жобалар т.б.);
- ▶ балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін үнемі анықтап оны әрі қарай дамыту үшін пән мұғалімдерімен бірлесіп жобалар әзірлеу;
- ▶ балаларды жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға негіз болатын сыныптан тыс іс-шараларды ата-аналарды тартып, театрға, музейге, көрмелерге т.б. жерлерге баруды ұйымдастыру;
- ▶ балалар арасындағы вейп эпидемиясы, субмәдениет т.б. зияны туралы медицина, құқықтық орган қызметкерлерімен кездесу өткізу;
- ▶ субмәдениетті қолдауға ықпал ететін мультфильмдер, кітаптарды оқудың алдын алу үшін балалар арасында тренингтер өткізу;
- ▶ балаларды еңбекқорлыққа баулу үшін еңбек адамына құрметті қалыптастыру, болашақ мамандық таңдауға қолдау көрсету үшін мамандық иелерімен, еңбек жолында табысқа жеткен еңбек ардагерлерімен, бала тұратын өңірдегі еңбек адамдарымен кездесулер өткізу ұсынылады.

Аталған іс-шаралар тиімді болу үшін жүйелі және жоспарлы өткізу маңызды. Балаларды көркемдікке, ізгілікке, бауырмалдық пен мейірімділікке баулу – бала-

лар ме жасөспірімдер арасындағы қатыгездіктің, зұлымдықтың алдын алуға негіз болады.

Қорытынды

Жалпы, ұрпақ тәрбиесі сонау ерте заманнан бастау алып, қазіргі кезеңге дейін жалғасып келеді. Адамзаттың арманы әділетті қоғам орнату. Ғасырлар бойы қоғамды осы арман жетелеп келеді. Заман қалай өзгерсе де ұрпақ тәрбиесінде өзгермейтін ұстанымдар қалады. Ұрпақ тәрбиесінде қазақстандағы киелі жерлер, ата тарих, баһадүр бабалар, шежірелі эпос – ұрпаққа ұдайы күш беретін энергияның қуатты көзі. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі ұлттық құндылықтарға негізделуі маңызды.

Жалпы ойымызды түйіндей келе, тәрбие – адамзат қолдауына ие болған және оларды ортақтастыруға ықпал етуші күш, әр адамның ар-ұжданына негіз болатын қасиеттері мен қоғамдық және әлеуметтік тағылымдық өнегелерді жүзеге асыруды көздейді.

Қолданылған деректер тізімі

1. Аймауытов Жүсіпбек. Алты томдық шығармалар жинағы. /Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары). – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.5: – 384 б. – Б. 6-10.
2. Жұмабаев Мағжан. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер /Құраст. Сәндібек Жұбаниязов.– Алматы: Жазушы, 2013.– 376 бет. – Б. 26-37.
3. Қазақстан жастары – 2022: ұлттық баяндамасында қазақстандық жастардың құндылық бағдары айқындалған [Электронды ресурс] <https://eljastary.kz/upload/iblock/462/tqfyx8atg9x4q0jsrq7fxufar60jugy.pdf> (Сайт қаралған күні 20.04.2023).
4. Абай Құнанбайұлының қара сөздері [Электронды ресурс] <https://abai.kz/post/6> (Сайт қаралған күні 20.04.2023).
5. Кемел адам анықтамасы. [Электронды ресурс] <https://clck.ru/34C3NS> (Сайт қаралған күні 20.04.2023).

● ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ: НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ И МЕРОПРИЯТИЯ

Танирбергенова А.Ш.

Директор Центра психологии, воспитания и развития личности НАО имени Ы.Алтынсарина, кандидат педагогических наук

Аннотация. В статье понятие воспитания рассматривается на основе трудов Ж. Аймаутова, М. Жумабаева. В содержании статьи поднимаются актуальные вопросы воспитания в организациях образования. Определены ценности, составляющие основу чести и достоинства каждого человека: справедливость, доброта, патриотизм, стремление к знаниям и здоровый образ жизни.

Ключевые слова: воспитание, ценность воспитания, национальная ценность, человеческие качества, воспитательная работа.

● THE BASIS OF EDUCATION: NATIONAL VALUES AND EVENTS

Tanirbergenova A.

Director of the Center for Psychology, Education and Personality Development of the National Academy of Education named after Ybray Altynsarin, Candidate of Pedagogical Sciences

Annotation. In the article, the concept of education is considered on the basis of the works of J. Aimaurov, M. Zhumabaev. The content of the article raises topical issues in educational organizations. It is concluded that education is aimed at the formation of human qualities in a person, which are the basis for preserving his human appearance.

The article defines the values based on the honor and dignity of each person: justice, kindness, patriotism, brotherhood, patriotism, the pursuit of knowledge and a healthy lifestyle.

Values are mastered by forming certain qualities in a person. Values are determined from the treatises of al-Farabi and the pedagogical heritage of the enlighteners Abai, Shakarim, Alash Ordins, and the scientific works of scientists who studied education at the present stage. The revealed values will undoubtedly contribute to the upbringing of a conscious generation if they are implemented comprehensively, reflected in the content of discipline, the content of educational activities. The more this work is laid down in the plans of the head of the school, the deputy director for educational work, subject teachers, classroom teachers, teachers-psychologists and reflected in the content of the work, the more serious the results will be.

Keywords: education, the value of education, national value, human qualities, educational work

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



МРНТИ 82.33.13

● КРІ - КЛЮЧЕВОЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА

К. С. Гаджиева

руководитель научно-методического отдела
